



МАЗАСЫЗ МҮЙІС


Бас қаладағы басты мәселе – баспана. Елордаға арман арқалап келген ағайынның көбі қала іргесін жағалап, біреудің уақытша тұрғызған лашығын, біреудің тоқал тамын паналап отыр. Шаһар ішіндегі пәтерлерді ай сайын жалға алу құны 80-100 мың теңгеден басталады. Ал оны тиын-тебен санап отырған қарашаның қалтасы көтермейді. Амалсыз осындай жатаған үйді паналайды. Оның жағдайы талапқа сай емес. Астанадағы бес балапанның өмірін жалмаған алапат өрт осындай лашықтан тұтанған.

Осы оқиғадан кейін төтенше жағдайлар қызмет атқа қонып, қала іргесіндегі жекеменшік үйлерге қатаң режиммен рейд жүргізе бастады. Бір топ журналист соларға қосылдық. Бағытымыз – Сарыарқа ауданына қарасты Көктал-1 тұрғын алабы. Жеке үйлерді аралап келеміз. Жағдайды өз көзімізбен көрдік. Мұндағы әлеуметтің әлеуетін тұрып жатқан лашықтарынан-ақ байқауға болады. Тіпті бір ауладағы төрт есіктің қайсысы үй, қайсысы қора екенін ажырату қиын. Сыртқы есіктері бірдей болғанмен, бірі монша, екіншісі қора, қалғандары үй болып шықты.

Тағы бір баракқа бас сұқтық. Қуықтай бөлмені паналап отырған Оспан Тарғынов деген азаматтың отбасы екен. Сөзге тарттық. 14 шаршы метр бөлмеде әйелі және ұлы мен келіні, оқушы немересі тұратын болып шықты. Бір бөлмеге осынша адамның қалай сыятынына тандандық. Сөйтсек, бір үйлі жан ауысыммен жұмыс істейді екен. Мұндағы жалға берілген 10 бөлменін қол жуатын жер мен ас бөлмесі, әжетхана да бөріне ортақ. Әлгі аядай бөлмеге ай сайын 20 мың теңге төлеп тұрады. Ал кейбір лашықтарда электр сымы қалай болса солай тартылған. Көбінде санитарлық жағдай нашар. Пеші де талапқа сай салынбаған. Бір сөзбен айтқанда, жайсыз әрі қауіпті. Бірақ жалдау ақысы арзан. Сондықтан қалтасы жұқалар осындай жерге келеді. Рейд кезінде көрген тоқал тамдардың бөрінің жағдайы осындай...

Елордада 22 267 жеке тұрғын үй бар. Мамандардың айтуынша, қаладағы өрттің 50 пайыздан астамы осы жеке тұрғын жайлардан шығады. Олар жылыту маусымы басталысымен сенбі-жексенбі күндері осы аудандарды аралайды. Астана қаласы Сарыарқа ауданы төтенше жағдайлар басқармасының басшысы Қуаныш Токсарин БАҚ өкілдеріне берген сұхбатында: «Тұрғындарға өрт қауіпсіздігі ережесі түсіндіріледі. Бірақ олар сонда да қауіпсіздік талабын ескермейді. Жаңа бір үйге кіргенімізде қауіпсіздік ережесі мүлде сақталмапты. Пештің манайында аяқ киім мен үйілген отын жатыр. Үстіңгі жағынан жіп тартып, кір жайып қойыпты. Бұл – өте қауіпті. Мен ескерту жасап жатсам да, үй иесі сөзіме құлақ аспады. Аяқ киімін пеш жанынан алмады. Жалпы, тұрғындардың көпшілігі сөйтеді. Рейд кезінде ескерту жасасақ, басын шұлғиды. Бірақ сол үйге қайта айналып соқсақ, бәрі сол қалпында жатады. Оларға тек ескерту жасаумен ғана шектелеміз», — деп ренішін жеткізді.

Біреуге жан қайғы, біреуге мал қайғы. Жұрттың жанды жерін пайдаланып, заңға қайшы болса да, ауласында құжаты жоқ төрт қабырғаны қалқайтып, көленкелі кәсіпті нәсіп етіп, ақша тауып жүрген



ЛАШЫҚТАҒЫ ӨМІР

пысықайлар да жетерлік. Бұдан былай олардың барлығы қатаң тексерілмек.

Елдің ет жүрегін езген, қызыл жалын өмірін қиған балапандардың үлкені 12-де болса, кенжесі аузынан ана сүті арылмаған сәби. Амал қанша?! Бұл жағдай күллі халықтың қабырғасын қайыстырды. Қайғыдан қан жұтқан отбасын жұрт болып жұбатып жатыр. Көпшілік қаржылай көмек көрсетті. Астананың бас имамы Наурызбай Тағанұлы бұл отбасыға мешіт атынан пәтер алып



тиіп көз

жұмды. Күні кеше

Баянауылда 4 адам иіс тиіп көз жұмды.

ТЖД мамандарына салсақ, өртке тұрғындардың өзі кінәлі.

Астанадағы қайғылы жағдай қоғамға қозғау салды. Көпбалалы аналар әкімдікке жеткізді. Олар «Баспаналы болуымыз үшін көпбалалы аналарға жеңілдік қарастыру қажет» деген талап қойды. Жергілікті билік өкілдері олардың өтініш-тілектерін жазып алды.

Осыған орай, қоғам қайраткері Амангелді Айталыдан пікірін сұрадық. Ақсақал: «Біздің елде неге тек төтенше жағдайдан кейін ғана қозғалыстың болатынын түсінбеймін? Көпбалалы ата-аналар мен жас отбасылардың жағдайы елдің стратегиялық мақсаты болуы тиіс емес пе?! Елдің болашағы — жастардың қолында. Қаралы отбасыға түрлі көмектің қарастырылып жатқаны жөн. Бірақ басқалары соның буымен басылып қалмауы керек. Еліміздегі әр ана әлеуметтік жағынан қорғалуы тиіс», — деді.

Нұрәулет ТАЛҒАТҰЛЫ,
Астана

ТАҚЫРПҚА ОРАЙ
Мәулен
ӘШІМБАЕВ,
«Нұр Отан» партиясы
төрағасының бірінші орынбасары:

«Расымен, бес бірдей бүлдіршіннің қапыда қазда болуы тұтас халықтың қабырғасын қайыстырып жіберді. Өкініштен өзегіміз өртенеді. Бірақ амал жоқ. Енді осындай қасіреттің қайталанбауы үшін әрекет етуіміз керек. Бұл жайт қоғамдағы кейбір өзекті мәселелердің көзек күттірмей шешуді қажет ететінін көрсетіп берді. Шын мәнінде, көпбалалы отбасыларға жүйелі қолдау көрсету, жұмыс істейтін аналарға лайықты жағдай жасау және балалар құқығын қорғау мәселесінде әлі де болса жетілдіретін тұстардың бар екені сөзсіз. Сондықтан да халықтың жәрдемақы, баспана мәселесіне қатысты айтып, жазып жатқан сөздері орынды».

беретіндерін хабарлады. «Әзірет Сұлтан» мешітінің ұстазы Мақсатбек Қайырғалиев те көмек ретінде жиналған 13,4 млн теңгенің осы жанұяға табысталатынын айтты. Ал қаптаған қорлар мен

БІЗДІҢ СҰХБАТ



Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ:

МҰРНЫНА ӨЛЕҢ ИІСІ БАРМАЙТЫНДАР ДА БАҒА БЕРЕДІ...

Әдетте қоғамдық әлеуметтік тақырыптарға ақындар мен жазушылар, жалпы зиялы қауым өкілдері араласпайды, үн қатпайды деп кінәлап жатамыз. Шерағандардай шындықты тіліп айтатындары аз дейміз. Бірақ бұл пікірге жазушы қауымның да өз айтары бар.

Jas qazaq газетінің бүгінгі қонағы – белгілі ақын, «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Жұлдыз» журналының Бас редакторы Ғалым Жайлыбай. Ақын көкейде жүрген біраз сұрақтың басын қайырды.

Jas qazaq: Ғалым мырза, әдебиет — ардың ісі, әдебиет — ұрпақты тәрбиелейтін рухани қазына деп жатады. Қазіргі балаларды не тәрбиелеп жатыр? Мұндай сұрақ қойған себебім, өткен аптада болған балалар төбелесі елді дүрліктіріп жіберді. Белі бесіктен шықпаған жастардың бойындағы жауыздықтың төркіні қайдан келген?

Ғ.Жайлыбай: Менінше, мұның бәрі тәрбиеден.

Қоғамдық құбылыс уақытпен бірге өзгеріске ұшырады. Қазақтың ұғымындағы мейірім, сыйластық, адамгершіліктің бәрі азая бастағандай. Мен ауылдарда көп боламын. Ауылдың өзінде қатыгездік, мейірімсіздік пайда болған.

Біздің буынның көрген тәрбиесі қалай болды? Біз үлкендердің әңгімесін тыңдайтын едік. Үлкен кісілердің, қариялардың әңгімесіне құлақ түре қалсаң, шуаққа шомылғандай аралы күй кешесің.

Бұрын ауылда бір тентек болса, оны бүкіл ауыл болып тезге салатын. Көзге көрінбейтін сол жүйе бүкіл ауылды тәрбиелеп отыратын еді. Кез келген ата-ана баласын жауыз болсын, тентек болсын деп тәрбиелемейді ғой. Ұлттың бойындағы жақсы қасиет қаша бастағанда, осындай бейәдеп мінез шығады.

Бала бойындағы мінездің өзгеруіне телеарналар да кінәлі. Күндіз-түні арзан күлкі, мән-мағынасыз бағдарламалар көрсетеді. Әйел боп киінген еркектер, қызтеке жігіттер бірінші планға шықты. Атыс-шабыс кино, ұяты шамалы фильм тәрбиелеп жатыр. Мұны көрген ұл не болады, қыз қалай өседі? Нәтижесін көріп отырмыз.

Jas qazaq: Сіздер қандай тәрбиемен өстіңіздер?

Ғ.Жайлыбай: Біз бір үйде 11 бала едік. Әкеміз бәрімізді оқытты, жоғары білім берді. Менін нағашы шешем Сәкен Сейфуллиннің досының қызы еді. Балалық шағым сол Тойбала апамның ерекше мейіріміне қанып, ыстық ықыласымен өтті. 6-сыныпқа дейін мектепке айран-нанын көтеріп келіп, үзіліс кезінде мені алдына отырғызып алып, қарнымды тойдыратын. 7-сыныптан бастап намыстанып, келмеңіз деп жыладым. Сол марқұм апам сабақтан «4» деген баға алып қалсам, басыма құран қойып, нан қойып құрақ ұшып, қиналатын еді. Қазір мен кез келген жағдайда өлең жаза беремін. Өйткені, соның бәрі бала кезден қалыптасады екен.

(Жалғасы 3-бетте)

дөп

НЕБӨРІ 12 ЕР МҰҒАЛІМ...



Aikyn.kz

Ұстаздық мамандыққа жүрегімен емес, амалсыз, күнкөріс қамымен келетіндерді көбейтіп алдық. Өйткені ұстаздық жүрегімен келетіндерді мектепте ұстап қала алмадық. Мектептегі зорлық, әкімшілік жүйе, қаражатсыздық, болмашы жалақы мамандардың мазасын қашырды.

(Бұл туралы 8-беттен оқыңыздар)



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)

62,51



DOLLAR

376.59



EURO

428,86



РУБЛЬ

5,74

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



Жедел
жәрдемді
желеу еткен...

(Жалғасы 2-бетте)

БИЛІК

Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында халықты тұрғын үймен қамтамасыз етуге айрықша маңыз берілген. Үкімет Жолдау жүктеген міндеттерді орындау мақсатымен бірқатар жобаларды іске асырып жатыр. Осы аптада индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Жеңіс Қасымбек «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың нәтижесі туралы баяндады.

Министрдің айтуынша, жұрттын жүрегіне жылы тиген хабар алдағы уақытта көпбалалы отбасылар үшін пәтер алуға арнайы сертификат беру қарастырылып жатқаны. Осы мақсатта баспана салуға Үкімет қосымша қаражат іздестіруде. Қазір еліміз бойынша 28 мың көпбалалы отбасы жергілікті атқарушы органдарда жалға берілетін баспаналардың кезегінде тұр. Болашақ үйлердің әр шаршы метрі шамамен 100 теңгені құрайды. Мәселен, екі бөлмелі пәтер үшін айына 8-10 мың теңге төлеуге туралы келеді.

Министр «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша бірнеше инструмент барын жеткізді. Оның ішінде жалға берілетін үйлер жергілікті әкімдіктердің тізімі бойынша беріледі. Оның ішінде көпбалалы

мүмкін. Ол бюджетке байланысты өзгеріп отырады. Екінші сертификат 10-15 жылда қайтарылуы керек. Аталған заң 2-3 айда қабылданады. Ол Мәжілістің бірінші оқылымынан өткен. Екі-үш аптадан соң заң жобасы екінші оқылымынан өтеді», — деді.



пайызға өскен. Енбек өнімділігінің өсімі — 9 пайыз. Тұрғын үй құрылысына салынған инвестиция шамамен 8 пайызға артқан. Қазіргі кезде 113 мыңнан астам отбасы тұрғын үй жағдайын жақсартса, оның ішінде 14 мыңнан астам отбасы мемлекеттік қаражат есебінен арендалық және несиелік баспанамен қамтамасыз етілген. Барлық өңірлерде тұрғын үйді пайдалануға беруде жақсы қарқын байқалады.

«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы бойынша мемлекеттік қаражаттың 1 теңгесіне 6-7 теңге жеке инвестициялар тартылған. Рекордтық деңгейде 12,5 млн шаршы метр жана тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл былтырғы деңгейден 12 пайызға жоғары. 2018 жылы бір тұрғынға тұрғын үйді пайдалануға беру 0,68 шаршы метрді құрады. Тұрғын үй құрылысының қарқыны алдағы уақытта одан әрі ұлғаяды.

Басқосуда Ж.Қасымбек: «2019 жылы 13 млн шаршы метр жана тұрғын үй салуды жоспарлап отырмыз. Соның арқасында 118 мыңға жуық отбасы баспанамен қамтамасыз етіледі. Негізгі міндет — 2030 жылға дейін бір адам басына мақсатты көрсеткішті 30 шаршы метрге жеткізу. Қазіргі кезде бұл көрсеткіш 21,5 шаршы

ТҰРҒЫН ҮЙ СЕРТИФИКАТЫ БЕРІЛЕДІ

отбасылар бар. Көпбалалы отбасы дегеніміз — 4 баладан жоғары қарай басталады. Өткен жылғы бағдарлама бойынша 500-700 пәтер көпбалалы отбасыға берілген.

Баспасөз мәслихатында Ж.Қасымбек: «7-20-25» бағдарламасы, «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» бойынша жыл сайын 10 000 мыңнан астам пәтер салынады. Осы категориядағы азаматтарға көмектесу үшін Елбасы әкімдіктерге тұрғын үй сертификаттарын беру туралы тапсырма берді. Сол бойынша заңға өзгерістер енгізіп жатырмыз. Екі-үш айда заң қабылданады деп жоспарлап отырмыз. Осы занның арқасында әкімдіктер сертификатты үйге мұқтаж отбасыларына бере алады. Сертификат екі түрлі. Біріншісі, қайтарылмайтын қаражат. Мысалы, көмек ретінде сертификат «7-20-25» бағдарламасының бастапқы қаражатының жартысын өтеп береді. Сертификаттың әр өңірде әртүрлі болуы

Биыл жалға берілетін тұрғын үйлерді салу үшін әкімдіктерге қосымша 10 млрд теңге бөлінген. Ал Елбасының тапсырмасы бойынша жалға берілетін үй құрылысын жалғастыру мақсатында 35 млрд теңгеге дейін бөлініп, оған 4 мың шаршы метр үй салу көзделіп отыр. Бұл кімдерге берілетіні қазір нақтыланған. Бұған қоса, «7-20-25» бағдарламасын сәтті жүзеге асыру мақсатында инженерлік коммуникациялар құрылысын 100 млрд теңгеге дейін қаржыландыру ұлғайтылды. Астана, Алматы және Шымкент қалаларында жұмыс істейтін жастар үшін жыл сайын кемінде 1 мың арендалық пәтер салу жөніндегі Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін қаржыландыру тетіктері мен көздері анықталды.

Ж. Қасымбектің айтуынша, былтыр құрылыс саласында тұрақты өсім болған, тіпті алдыңғы жылмен салыстырғанда 4,1

метрді құрайды. Отандық құрылыс материалдарын қолдану мәселесі ерекше бақылауға алынған. Егер бүгінде тұрғын үй құрылысында шамамен қазақстандық өнім 86 пайыз болса, енді 3 жылда бұл көрсеткішті 90 пайызға дейін көтере аламыз деп есептейміз. Бұл құрылыс материалдары өндірісін ынталандырады және жалпы құрылыс саласына қосымша серпін береді. Өткен жылдың қорытындысы бойынша құрылыстағы қазақстандық қамту үлесі 2017 жылғы деңгейден 5 пайызға артып, 77 пайызды құрады. Оның ішінде тұрғын үй құрылысында — 86 пайыз», — деді.

Тұрғын үй оның ішінде көпбалалы отбасыларды үшін салынатын баспаналардың жұмысын қадағалау мақсатында Үкімет жанынан Премьер-Министрдің орынбасары Ерболат Досаев басқаратын жұмыс тобы құрылды.

Айдоз ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Бақытжан САҒЫНТАЕВ,
Премьер-Министр:

«Сіз банкроттық туралы заң жобасына асықпаңыз. Алдымен жағдайды талдап, ұлттық компаниялармен, банкітермен ақылдасыңыз. Қазіргі таңда заң жобасын ігерлету үшін асықпағаныңыз жөн»

1+2

Әлихан СМАЙЫЛОВ,
қаржы министрі:

«Бүгінгі күні қолданыстағы заңнама шығынмен жұмыс істейтін кәсіпорындардың тез жабылуына жол бәрмейді. Негізгі себеп – ұйымның оны банкрот деп жариялауға қабілетсіздігі туралы анық түсініктің болмауынан. Соңдықтан заңдағы түзетулер аясында, екінші деңгейдегі банкротердің портфелін тазартуға мүмкіндік беру үшін істі жылдамдатуға тура келеді»

Деп салды...

Жақып АСАНОВ,
Жоғарғы сот төрағасы:

«Жергілікті жерлердегі заңбузушылыққа Жоғарғы соттың өзі мүмкіндік беріп отыр. Біздің судьялар облыстарда шыққан үкім мен шешімді қайта қарап,



оны өзгерту не күшін жоюға ғана міндеттімін деп ойлайды. Кате жіберген судьялардың мәселесін қарап жатқан ешкім жоқ. Олар адамдарды Жоғарғы сотқа шағымдануға неге мәжбүр етеді? Бұған да ешкім бас қатырмайды. Әріптестер, естеріңізге сақтаныздар, ешқайсыңызды аямаймыз. Судья деген атқа кір келтірсеңіздер, сіздерді ешкім қорғамайды».

Аптаның айтары



«Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, жастардың жұмыссыздығын жоюдың басты мүмкіндіктерін шағын және орта бизнес саласынан табуға болады. Өкінішке қарай, кәсіпкерлік саласы Қазақстан жастарын әлі де қызықтырмай отыр. Әлеуметтік сауалдардың деректері бойынша сұралған жастардың 51%-ның бизнеспен айналысу туралы жоспары жоқ екен. Бұл проблемаға басқа жағынан қараған дұрыс. Мүмкін, біз бизнеспен айналысу үшін өзіміз тиісті жағдай жасамай отырған шығармыз?»

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Сенат төрағасы



Әлеумет.т⁰ КЕЗЕКТІ ДҮНИЕ, КЕЗБЕЛІ ДӘУЛЕТ

«Аш бала ток баламен ойнамайды, Ток бала аш қалам деп ойламайды». Бүлдіршін кезімізде осы мақалды тура мағынасында түсінетін едік. Қазір санамыздағы аш бала мен ток баланың тағдыры мүлде өзгеріп кеткендей. Ток бала — байлар мен қалтасы қалың шенеуніктер. Ал аш бала — үй-күйсіз жұрт болып елестей береді. Мұны неге айтып отырмыз?

Езуіміздегі емеурінге себепкер болған өңімеге оралайық. Астанада жас жұбайлар тойға жиған ақшасына мектеп-интернаттың залында дастархан жайып, оқушы балалардың арасында өздері ғана атап өтіпті. Сағатына 100 доллар төлеп, шұбалған қымбат көліктер жалдамаған. Ақ көйлек, көк көстөм кимеген. Қустын сүті, жылқының өтінен өзгенін бәрін салатын дастархан жаймаған. Ысырапқа бармай, өз қалауымен, осындай қарапайым етіп атап өтуді жөн көріпті. Сүйсінбей көріңіз, қане?!

Ал фонограммамен жұртты алдап, 7-10 мың доллар бермесе, тойға бармайтын өншілерді шақырмапты да. Толқын тербеген жағажайда көл-көсір демалысының суреттерін әлеуметтік желіге жүктеп, жұрттың жүйкесіне тигендерді маңайына қоспаптапты. Олардың осы деңгейге жетуі — қара орман халықтың арқасы емес пе еді?! Олар соны түсінбей ме? Түсінеді. Бірақ түйсігіне жетпейтін сияқты.

Кайсібір өнші келіншек инстаграмдағы паракшасымен күніне бірнеше миллион теңге табады екен. Оны мақтанып тұрып айтты бір сұхбатында. Сол ханымның да жетімді жебеп, жокты демеп жүргенін көрген пенде жоқ. Керісінше, көпбалалы аналар балапанының жөрегіне тиын таппай жүргенде, ол бетіне бірнеше мың доллардың кремін жағып тастап, әлеуметтік желіде ән салып отыр.

Әнші демекші, Тәжікстанда эстраданың ең танымалы өкілі туған күнін дүркіретіп тойлап, аста-төк ысырапшылыққа жол бергені үшін жауапқа тартылған. Айыппұл төледі. Оларда заң солай. Бізде ше? Бізде аса танымалы өнші жігіт шығармашылық кешіне Ресейдің жұлдыздарын шақырған былтыр. Дуэт болып ән айтты. Ақшасын алайда-былай да шашты. Бірақ оған

ешкім айыппұл салған жоқ. Жыл сайын бай-бағландардың туған күніне Ресей түгілі, Америкадан ең танымалы өнші-әртістер келіп, миллиондап ақша әкеліп жатады. Оларға да «Әй, мұның не?» деген, тым болмаса салыққа тиесілі қаражатын алып қалған бір құзырлы мекемені байқамадық.

Өзіміз әртіс шақыратын сол шетеліңізде байлар мен миллиондап ақша табатын өншілер жетімдерге, кедейлер мен балалы-шағалы отбасыларға көмектесіп тұратын жазылмаған дәстүр бар дейді. Қоғам солай қалыптастырған. Біздігіміз емес. Жасаған жақсылығын бұлданбайды. Жарнамаламайды. Ал біздің байшықештер ақшадан қала салып жатса да, қайырымдылыққа саран. Кедейге берген он тиынына кергіді. Ал әнін өзі түгілі өзге түсінбейтін жатжұрттыққа берген он миллионына іші ашмайды. Неге? Бұл да байыбына бара алмайтын бір жұмбақ. Ал тойда тегін табыс тауып жүргенін білсе де, салық төлеуді білмейтіндер жүздеп саналады. Ақшаны «мәңдай термен таптық» дейді. Бірақ тердің иісін сезбейсіз. Бұлардың жанында тойын топалана айналдырмай, табысын балалармен бөліскен жас жұбайлар әлдеқайда бақытты.

Астанадағы екі жас жомарттық танытты. Дастарханын мектеп-интернаттың залына жаймағанда, балаларға базарлық үлестіргенде, бөлкім, оқушылар сырттан сыйлық ұсынатын әлдебір діни ағым өкілдерінің жылы сөзіне әріп сала беруі де мүмкін ғой. Мейірім мен ықыласқа зәру балалардың тез алданып, арбалып қалатын жағдайлары өте көп. Ондай мысалдың шет-жағасын тәу алыстан емес, Жетісу жеріндегі бір мектеп-интернаттағы тосын оқиғадан көрдік. Жетім де жетілер. Көпбалалы үйде өскен сары ауыз балапандар ертен-ақ ел ісіне араласатын ершіл азамат болар. Ал асқақтап жүрген анау өншілерден әр таяр, фонограммаға да тыйым салынар. Кезекті дүние — кезбелі дәулет бұл!

Жарас КЕМЕЛЖАН



Қызықтары

ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМДІ ЖЕЛЕУ ЕТКЕН...

Павлодарлық бір тұрғын жедел жәрдемді себепсіз шақырып, дәрігерлерді әбегірге салып, жұртты күлкіге қарық қылды. Осыдан бірнеше күн бұрын түн ортасында жедел жәрдем қызметіне баланың аяғы сыңғаны туралы хабарлама түседі, – деп хабарлады pavon.kz.



Оқиға орнына дәрігерлер лезде жетіп келеді. Бір қызығы, баланың емес, иттің аяғы сыңған болып шығыпты. Аһ ұрып қалған ақ халаттылар ит иесіне ветеринар маман шақыруға кеңес беріпті. Дәл сол уақытта тағы бір тұрғын баласының дене қызуы түспей тұрғанын айтып, жедел жәрдемге хабар берген. Сөйтсе, мас күйінде үйіне түнделетіп келген жігіт ағасын әйелі есіктен аттапты қойған. Үйіне кіру үшін ол жедел жәрдем шақырыпты.

Біздің сұхбат

(Басы 1-бетте)

Бір үйде, бір үстелдің басында алты бала сабак оқып отыра беретін едік. Бұл да берекенің, ынтымақтың бастауы. Қазір сондай мейірім төгетін әже, тәрбие беретін ата-ана жоқ. Бұрын «Пәленшенің баласы демейтін, ана ауылдың баласы, мына ауылдың баласы» деп, бір тентектің қылығын бүкіл ауылға қаратып айтушы еді. Бір бала оқуға түссе, бүкіл ауыл болып қуанатын. Қазір сол құндылықтан айырылып қалдық. Құндылық құрдымға кеткен соң, балаға әке-шешесі де, мектеп те ие бола алмай жатыр.

Бұрынғы ақсақалдар институты, бәйбішелер институты жойылды. Біз ауыл кітапханасына бір жаңа кітап түссе, соны бүкіл ауыл болып оқушы едік. Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұясы», Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдары» ауылымызды айналып шығатын. Оқып болған соң,



Ғ.Жайлыбай: Қазір акын мен өлеңшіні қоғам айыра алмай қалды. Әлеуметтік желінің өз акындары бар. Олар бір-біріне лайк басып, сонымен өмір сүреді. Бірін-бірі мактайтын, қаптаған өлеңшілер пайда болды. Екі сөздің басын қосып, ұйқас құрау өлең болмайды. Олар акын емес. Қазақ өлеңінің өлшемі — кара өлең. Қазір кейбір өлеңшілер не өзі түсінбейтін, не өзге түсінбейтін ұйқасы да, құрылымы да қазақ өлеңіне жат шатпақ жазып, өздерін акын санап жүр. Неғұрлым түсініксіз жазса, соғұрлым терең акынмын деп түсінетін қарабайырлық қалыптасқан. Бұның қасында бедел бергі әнгіме. Жазушының беделі дегенде, біз көбіне Шерағанды айтамыз. Содан кейін Олжас Сүлейменов, Әнуар Әлімжанов, Мұхтар Мағауиндердің қай-қайсысы болсын, халыққа да, әдебиетке абыройлы, тұлғалы қаламгерлер болды. Алайда соңғы жылдары жазушылар өз беделін өздерін құртып алатын жаман әдет белең алып кетті. Жазушылар одағында бірнеше жыл қызмет етіп жүргенімде де, соны байқадым. Бір мысал айта кетейін. Қайбір жылы Балқаш қаласының жанынан өтіп бара

кетті демелдер» деген кітабын оқып шықтым. Сол кітапта да қазақтың ұлы қаламгерлерінің арасындағы бақталастық, бакай есеп, мысық тілеу дүниелері жазылыпты. Сәкен Сейфуллин, Мағжан Жұмабаевтардың заманынан бар дүние, бұл. Бірақ бұл сөзіммен қаламгер қауымды ақтап отырған жоқпын. Қайта қазір, тіпті асқынып кетті. Жазушылар одағының бірнеше реткі сайлауында болдым. Бәрінде айқай-шу, талас-тартыс. Жалпы, қаламгер қауымды басқару оңай шаруа емес. Әдебиетті жеке адамдар жасайды. Топ құрып: ауылдас, жерлес, рулас болып әдебиет жасай алмайсың. **Jas qazaq:** Бүгінгі қаламгер қауымның азаматтық позициясында да ақау бар сияқты. Қоғамдағы өзекті, өткір тақырыптарға, мәселен, қаны сорғалап, сыздап тұрған мәселеге қалам тербейтін қаламгерлерді саусақпен санап алуға болады. Неге? **Ғ.Жайлыбай:** Екі жыл бұрын Jas qazaq ұлттық апталығында гептил туралы өлеңім шықты. Жалпы, бұл менің

QOĞAM

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



www.jasqazaq.kz

есімде, бала күнімде Қарағандыға әпкемнің үйіне баратын едім. Есік алдына шықсаң, бір жігіт баян тартады, татарша ән айтады. Көрші орыс-қазақ кемпір-шалдар жылайды: «Мына сорлы КарЛАГ-тың баласы екен ғой» — деп. Мен КарЛАГ деген кісі екен деп ойлаушы едім. Өсе келе қасіретті, қарғыс атқан жер екенін түсіндім. «Қара орамалды» жазуыма осындай ұсақ-ұсақ

ЖАСТАР АРАСЫНДА БӘЙГЕ ҮШІН ҒАНА ӨЛЕҢ ҚҰРАЙТЫН, ӘҢГІМЕ ЖАЗАТЫНДАР ПАЙДА БОЛДЫ. БҰЛ ДА ДҰРЫС ЕМЕС. ҚАЛАМГЕР ҚАУЫМҒА КІР КЕЛТІРІП, ӘДЕБИЕТКЕ КҮЙЕ ЖАҒАТЫНДАР – СОЛАР.

Jas qazaq: Тағы түссіз бе? **Ғ.Жайлыбай:** Білмеймін. Бәрін уақыт көрсетеді.

Jas qazaq: Сыйлық демекші, жұлде берудің жазылмаған тәртібі бар ма? Мәселен, жыл сайын әдеби бәйге, мүшәйраларға белгілі бір топ қана қатысып, көмбеден солардың ғана көрінетіні несі?

Ғ.Жайлыбай: Қадыр аға Мырзалиевтің бір сөзі бар еді: «Әділ деген сөзді алып тастау керек. Қазы ешқашан әділ болмайды» дейтін марқұм. Мұсылманшылықта қазылық қылудың сұрақ-жауабы екі есе ауыр болады екен. Кейде қазылық етіп отырған адамдардың, комиссия мүшелерінің сіздің шығармашылыққа баға беруге моральдық құқы бар ма деп ойлайсың. Өйткені, әдебиетке әлі келмеген, тіпті өлеңнің ісі мұрнына бармайтын біреулердің сенін поэзияна, не прозана қазылық айтқанын көргенде, жаның шырылдайды. Сондықтан, бағаның әділ болғаны дұрыс. Бәйгенің болғаны, мүшәйраның өтіп тұрғаны жақсы. Шығармашылық адамдарына бой көрсететін алаң қажет. Бірақ қазір әдеби бәйге тым жиі өтіп кеткендей.

Жастар арасында бәйге үшін ғана өлең құрайтын, әңгіме жазатындар пайда болды. Бұл да дұрыс емес. Қаламгер қауымға кір келтіріп, әдебиетке күйе жағатындар — солар.

Jas qazaq: Ықылас Ожай деген акын інінің фейсбукте «Қарттардың тойымсыздығына таңғаламын» деп пост жазды. Өлгі жазбасында «Алдыңғы аға буын өнер адамдары бес пәтері болса да, алтыншысын алудан арланбайды. Мемлекеттік стипендияны да жыл сайын тұрақты



талқылайтынбыз. Елдің әңгімесі сол болатын. Ақсақалдар балаларды жинап, батырлар жырын оқытушы еді. Қазір кітап оқитын баланы емге таппайсыз. **Jas qazaq:** Соңғы жылдары балалар тәрбиесінен бөлек, әйелдер табиғатына да ақау түскендей. Еліміздегі алаяқтық қылмыстың 80 пайызы әйелдердің үлесінде екен. Нәзік болмыс неге қатайды?

Ғ.Жайлыбай: Өтпелі кезең деп жүрген, сонау тоқсаныншы жылдар үйдегі әйелді қап арқалатып қара базарға

жатып, әкіміне — Қасымхан Ахметов деген үлкен азаматқа амандаса кетейін деп бұрылдым. Бұрынғы Жезқазған облысында қызмет еткен еді. Жақсы азамат еді марқұм. Кітабымды қолтаңба жазып бердім. Ол «Ғалым, кітабыңды ала алмаймыз. Айып етпеші! Жағдайымыз жоқ» дейді. Мен «Сізге кітабымды сатуға келген жоқпын, амандасып кетейін деп едім» дедім. Мұны неге айтып отырмын? Бұрынғы совхоз бастығы, партком басшысы сияқты ел басқарған азаматтардың бәрі зейнетке шыққан соң, жазарман болып алған. Солар әкім-қаралардың есігін қағып, кітабын

қолқа-жүрегімде сыздап тұрған, ұзақ жылдардан бері таныс тақырып. «Жылқы жөтелген жыл» деген циклді мақалам осыдан он шақты жыл бұрын шыққан. Қоғамдық тақырыпқа үн қату деген — айғай-аттан салу, шала сауатты хаттарға қол қою емес, менінше. Менің түсінігімде, үн қату — жеке азаматтық ұстанымыңды, ой-пікіріңді білдіру. Мәселен, бүгінгі күні қаны тамып тұрған тақырып — Қытайдағы қазақтар мәселесі. Бұл — өте нәзік тақырып. Онда біреуіміздің қарындасымыз, біреуіміздің әкеміз азап шегіп жатыр. Лагерьлерде қамалып, қиналып отыр. Ал елге келіп алған ағайын бір-бірімен алауыз болып, әлеуметтік желіде қырылысып жатыр. Мұндай сәтте, не деп үн қатасың? Бір жағына шығайын десең, тақырыпты терең білмейсің. Сондықтан, үн қатудың жөні осы екен деп, өзің түсінбейтін тақырыпқа, шала сауатты хаттарға қол қоя беру менің табиғатыма жат қасиет.

Мен Қытайдағы қазақтар қоныстанған аймақтарда бірнеше рет болғанмын. Ол жақтың дәмін таттым, суын іштім. Қаламдас, рухтас дос таптым. Сол үшін де қазіргі жағдайға жаным ауырады. Жуырда «Сұлубайдың әні» деген поэма жаздым. Соның ішінде Алтайдың арғы бетіндегі ағайын жайы айтылады. Үн қату осы шығар деп ойлаймын. Ағайын тағдыры сынаққа түскен сәтте, біреулер оны қаппақылға айналдырып, ұпай жинап жатқандай көрінеді маған.

Jas qazaq: «Қара орамал» деген Қарағанды лагеріне арналған таңдырлы, тарихи поэмаңыз бірнеше тілге аударылыпты. Шетел асқан шығармаңызды шенеуніктер оқыды ма?

Ғ.Жайлыбай: «КарЛАГ» маған таныс тақырып. Бала жасымнан Қарағандыда өстім. Ауасы да, суы да, шөбі де, шөңгесі де таныс. Поэманы жазарда көп дайындалдым. Көп кітап оқыдым, азаптаудың, қинаудың, зорлаудың ауыр-ауыр тәсілдерін оқыдым. Қарағанды лагерінің бірнеше папкасын ақтардым. Әлі

детальдар себеп болды. Жазған кезде де азапты күй кештім. Жалпы, бұл поэмама 14 тілге аударылды. Кейбір шумактарын жылап отырып жаздым. Енді бұл кітапты биліктегі жігіттердің бәрі оқыды деп айта алмаймын. Бірақ шығармашылығыммен таныс Нұрлан Ноғаев, Әлихан Бәйменов секілді азаматтар оқып, жылы лебіз білдірді.

Jas qazaq: Тақырып шығармашылығыңызға ауысқандай. Сіз, өткен жылы мемлекеттік сыйлыққа ұсынылдыңыз. Шешуші сәтке дейін оқ бойы озып тұрған сияқты едіңіз. Шешім бір сәтте, бір минутта өзгеріп, таразының басы басқалардың жағына аунап түскендей. Неге?

Ғ.Жайлыбай: Бұған жауап бере алмаймын. Бұның жауабын қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Мағауин баспасөз бетінде айтып кетті. «Жас Алаш» газетіндегі мақаласында «Мемлекеттік сыйлыққа жалғыз адамды ұсыну керек болса, мен дауысымды Ғалым Жайлыбайға берер едім» депті. Өзіммен бірге түскен қыз-жігіттердің бәрін сыйлаймын. Мемсыйлықты алмасам да, тілектес қауымның барына көзім жетті. Оқырмандарымның ыстық ықыласына бөлендім. Кітап оқитын жұрттың аз емес екеніне көзім жетті. Әлеуметтік желідегі жұрт та демеу беріп жатты. Осының өзі көп жайды аңғартса керек.

тізімдегі солар ғана алады» депті. Сіз не дейсіз?

Ғ.Жайлыбай: Менің білуімше, бұл стипендия санаулы ғана адамдарға беріледі. Бұның өзінің ережесі бар. Жас мөлшері, тағы басқа шарттары болады. Араларында жастардан бір-екеу, орта буыннан үш-төрт адам дегендей... Мемлекеттік стипендия деген сыйлық емес, бұл әлеуметтік жәрдемақы. Биыл Жастар жылы ғой. Мүмкін, жастарға бөлек, стипендия тағайындалып, шығармашылық демалыс берілетін шығар?

Ал жыл сайын алып жүрген қарияларды, мәселен, Қабдеш Жұмаділовты, Әнес Сарай, Дулат Исабековті стипендияға лайық емес деп айта алмайсың. Бәрі сексенге таяған, әдебиетке еңбегі сіңген қайраткерлер.

Jas qazaq: Сол стипендияны сіз де алдыңыз ба?

Ғ.Жайлыбай: Тоқсаныншы жылдарының басы, екі кітабым ғана шыққан кез еді. Пәтер жағалап жүрген уақыт қой. Үшінші балам өмірге келген. Сол жылдары осы мемлекеттік стипендияны алдым. Ол маған үлкен көмек болды. Дұрыс уақытында, қажет кезде берілді деп ойлаймын. Одан кейін бұл жәрдемақыны алып жүрген жоқпын.

Әңгімелескен Жарас КЕМЕЛЖАН



БҰРЫН АУЫЛДА БІР ТЕНТЕК БОЛСА, ОНЫ БҮКІЛ АУЫЛ БОЛЫП ТЕЗГЕ САЛАТЫН. КӨЗГЕ КӨРІНБЕЙТІН СОЛ ЖҮЙЕ БҮКІЛ АУЫЛДЫ ТӘРБИЕЛЕП ОТЫРАТЫН ЕДІ. БАЛА БОЙЫНДАҒЫ МІНЕЗДІҢ ӨЗГЕРУІНЕ ТЕЛЕАРНАЛАР ДА КІНӘЛІ. КҮНДІЗ-ТҮНІ АРЗАН КҮЛКІ, МӘН-МАҒЫНАСЫЗ БАҒДАРЛАМАЛАР КӨРСЕТЕДІ. ӘЙЕЛ БОП КИІНГЕН ЕРКЕКТЕР, ҚЫЗТЕКЕ ЖІГІТТЕР БІРІНШІ ПЛАНҒА ШЫҚТЫ. АТЫС-ШАБЫС КИНО, ҰЯТЫ ШАМАЛЫ ФИЛЬМ ТӘРБИЕЛЕП ЖАТЫР. МҰНЫ КӨРГЕН ҰЛ НЕ БОЛАДЫ, ҚЫЗ ҚАЛАЙ ӨСЕДІ?

алып шықты. Ошақ басында бала тәрбиесімен отырған аналардың бәрі белін буып сауда жасады. Әйел қауымы алға шықты, еркектің орнын басты. Соның аяғы, міне, нәзік болмысты қатайтып жібергендей. Тіпті әп-әдемі қыз-келіншектер алаяқтықпен айналысатын болды. Жалпы, алаяқтық болсын, басқа қылмыс болсын — жамандық әйел табиғатына жат нәрсе. Әйел нәзіктігінен айырылып, қатыгездікке бой алдырса, бұл — ұлттың қасіреті. Өйткені, бұрынғылар «Әйел — ұлттың анасы» дейді. Әлеуметтік түйткіл, жокшылық, теңсіздіктің салдарынан қыздың қылығы бұзылды. Қыздың қылығы деген сөзде үлкен мән жатыр, бауырым!

Jas qazaq: Бұрын осындай қоғамдық түйткілді жазушы-зиялы қауым айтып, тектеп, шешіп отырушы еді. Қаламгер қауым беделді болатын. Қазіргі акын-жазушыларда сондай абырой, бедел бар ма?

сатып, жұрттың мазасын алып, нағыз жазушылардың беделіне нұқсан, атына кір келтіріп болды. Қаламгер өз абыройын өзі сақтауы керек. Туған жеріне, ауданына, ауылына барып алақан жайып, кешімді өткізіп бер, мерейтойыма ақша беріндер деу жазушыға тән қасиет емес. Халық әулие. Бәрін біліп отырады: қалам қуатыңды да, пиғылыңды да байқап қояды. Сондықтан, «жазушы» деген зиялы қауым өз беделін өзі кетіргені абзал. Міне, осындай келенсіздіктердің салдарынан енді-енді қалам ұстап, акын-жазушы болуға талпынып жүрген жастар кейде Олжастардың, кейде Мұхтарлардың сыртынан «әңгіме» айта беретін болды.

Jas qazaq: Жазушы беделіне кір келтірген бір дүние: аға буын қаламгер арасындағы алауыздық емес пе?

Ғ.Жайлыбай: Қаламгерлер арасындағы алтыбақан алауыздық баяғыдан бар дүние екен. Жуырда мен Әлжаппар Әбішевтің «Айтпай



Бүгінде бағдарлама табысты жүзеге асуда. Аталған бағдарламаның арқасында ұзақ жылдар бойы таза судан тапшылық көрген еліміздің тұрғындары, әсіресе, ауылдағы ағайын таза суға жарып, қуанышы койнына сыймай жүр. Ел ішінде елді мекендерді таза ауыз сумен қамтамасыз ету жұмыстары әлі де жалғасыатынын ойласаныз, әлі талай шаңырақтар қуанышқа кенелері сөзсіз.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, мемлекеттік «Ақбұлақ» бағдарламасы қабылданғаннан бергі бес-алты жылда ауылдық жерлерді орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз ету көрсеткіші 50 пайыздан асқан. Қалалық жердегі көрсеткіш те едәуір өскен. Ал 2020 жылға

ҚАРАҚҰМДАҒЫ МӨЛДІР ТАМШЫ

қарай тұрғындардың 98 пайызы сапалы және құрамы санитарлық талапқа сай ауыз суға қол жеткізуі тиіс деген талап қойылған белгілі. Мемлекет басшысының осы тапсырмасын орындауға таза ауыз суға тапшы ауыл-аймақ әкімдері белсенді кірісуде. Осы орайда орталықтандырылған ауыз су жүйесімен қамту көрсеткіші Алматы облысында 86%-ды құрағанын атап өткеніміз жөн. Бұл — республикадағы ең жоғары көрсеткіштің бірі. Дегенмен, сапалы ауыз сумен қамту жұмысы әлі де жалғасады. Осы көрсеткішті 100%-ға жеткізу көздеп отыр. Сонымен қатар облыста ирригациялық жүйелер мен суармалы жерлерді айналымға енгізу де қауырт қолға алынуда.

Су — тіршілік көзі. «Орман нусыз, жер сусыз болмайды» дейді дана халқымыз. Аймақта осындай тіршілік көзіне көп жылдар бойы зәру болып келе

қаржы бөлініп, елді мекенге су тарту жұмысы оңайға соқпағанын айта кеткен жөн. Өйткені, жұмсалған қаржы аз болған жоқ. Қазір де таза суға қолы жетпей, шөліркеп отырған, жағдайы Қарақұмға пара-пар елді мекендер бар. Бірақ Қарақұмның жағдайын тез арада шешпесе, соны ауыр апатқа апарып соғатынын сезген облыс, аудан басшыларына алғыс айта кеткен жөн. Ауыз су жеткізу жұмысының бар жауапкершілігін мойнына алған «Айко» ЖШС-іне де оңай болған жоқ. Өйткені, жер қыртысы негізінен тасты болып келетін Арқа жері техникалық жұмыстарға да көп кедергі келтіріпті. Құбыр жөндеумен айналысатын жұмысшылардың тұрмыстық жағдайында да сан түрлі қиындық кездесіпті. Ауыр техника мен су насостарын сонау Балқаш көлінің бір мүйісіндегі Күркілдекті деп аталатын елді мекеннен айналдырып жеткізуге

жауапты мекеме уәде етіп отыр. Осыдан кейін барлығы тазарып шығады, — дейді Қырықбай Жұмабайұлы.

Өткен жылдың қараша айында қолданысқа берілген нысанның жұрт қуанышын еселегені соншама, ауылдағы қай үйге бас сұқсаң да, жарасымды әңгімеге куә боласын. Біз де тұрғындардың пікірін білмек болып, бірсыпыра шаңыраққа бас сұқтық. Сол қатарда Тілеубек Рымжанұлының шаңырағындағы отанасы Гүлнар Назмабекова бұрын су тасып қиналып жүргенін айтып, енді үйдегі ағып тұрған суды пайдаланып, кеніп қалғанын айтып берді:

— Барлық керегімізге жаратамыз. Судың дәмі жақсы. Бұрынғы тірлікке қарағанда көп ілгеріміз. Үйдің ішінен ағып тұр. Бұрынғыдай көлден мұз ойып шаңамен тасымаймыз, тәубе, — дейді ол.

Әр ісін тәубешілікпен түйіндейтін қазақ баласы көп жылғы ауыртпалықтан арылғанына дән риза. Марал Қуанышбекқызының шаңырағы да таза суға қол жеткендеріне алғыс айтып отыр.

— Біздің көшеде мөп-мөлдір су ағып тұр. Жағымсыз иіс те, бөгде дәм де жоқ. Ішсең шөлін қанады, қайнатсаң шайың да маңдайынды терлетеді, — дейді ол.

Таза суды біз де ішіп көрдік. Тұрғындар айтқандай, мөлдір, таза су. Ауыл тұрғындарының қуанышын бөлісіп, түйінді мәселені түпкілікті шешілгеніне бізде риза болдық. Осылайша, халықты таза ауыз сумен қамтуды көздеген «Ақбұлақ» бағдарламасының ырыздығын мыңдаған тұрғын көруде. 2020 жылға дейін жалғасатын мемлекеттік бағдарлама әлі де ауыз суға зар болған талай шаңырақты шаттыққа бөлемек.

«Ақбұлақ» бағдарламасы — сусаған жандарға үміт сыйлайтын үлкен олжа. Сонымен де бағдарламаның тұрғындар үшін маңызы зор, пайдасы мол. «Су қадірін білмеген, ел қадірін білмейді» деген де нақыл бар. Бірақ судың қадірін әбден сезінген Қарақұм ауылдағылардың ел қадірін де есептейтінін білдік. Ауыз суға деген тапшылықты шешіп алған олар енді ауылды өркендетуді көздеп отыр.



жатқан бір елді мекен бар. Ол — Қаратал ауданындағы Қызылбалық ауылдық округіне қарасты Қарақұм ауылы. Аты айтып тұрғандай, бұл жер — облыстың соңғы нүктесі. Қарағанды облысымен шектесетін Балқаш көлінің арғы бетіндегі ауыл. Табиғаты қатал, климат жағдайы қолайсыз болғанымен байырғы атақоныста мыңға жуық адам өмір сүріп жатыр.

Атақоныс деген әдемі сөз. Мейлі, жасаған ортасы тіршілікке жайсыз болса да, жазы ыстық, қысы аязды келсе де, маңындағы елді мекенмен қарым-қатынасқа тиімсіз болса да, ата-бабалар аманатына адал әулеттердің ұрпақтары сол мекеннен ешқайда көшіп кетпейді. Қарақұмдықтар судан қиындық көріп жүрсе де, ата-бабасынан еншіге қалған мекенді көзі қиып тастап кетпеді. Қыстың күндері Балқаштың қатқан мұзын ойып, қасат қарды ерітіп ішіп, жаз күндері ауылдан 50 шақырым шалғайдағы Саят стансасынан су тасып, таңдайларын жібітпесе де, болашақтан үмітін үзбей келді. Енді жұрттың үміті ақталып әр үйге тартылған құбырдан таза су сылдырап ағып тұр.

Облыстың шалғай нүктесіне ауыз су жеткізуге мұрындық болған «Ақбұлақ» бағдарламасы бойынша

қыруар қаржы жұмсалған. Осындай қосымша жұмыстар уақытты алып, жоспар белгіленген мезгілде бітпесе де, сапалы атқарылған жұмыс жұрттың қуанышын еселеп жатыр.

Таза ауыз судың іргесіне жеткеніне тұрғындар риза. Сонымен қатар құбыр суын жеткізуге байланысты қосымша жұмыс орындары ашылып, екі қолға бір күрек таба алмай жүрген ауылдағылар жұмысқа орналасып, нәпақа табуға мүмкіндік беріліпті. Егер ауылға бара қалсаңыз, шашыраңқы орналасқан ауылдың кіреберісіндегі сутартқыш мұнара бірден көзге шалынады. Көл жағасында орналасқан насос үздіксіз жұмыс істеп тұр. Оның барлық жұмысына Қырықбай Жұмабайұлы жауапты. Сырттан келген қонаққа жана насос жұмысын таныстырудан жалықпайды. Оның айтуынша, ауылда тоқсан үйге су құбыры тартылған. Барлығы да осы суды көдеге жаратып отыр. Құрылғының барлығы жана.

— Біз суды жерастынан емес, тікелей көлден тартып отырмыз. Одан мұнараға құйылып, артынша сүзгілен өтеді. Құрамындағы барлық зиянды элементтер сүзгіде қалып, халыққа таза су беріледі. Осы қызметтердің барлығы автоматты түрде атқарылады. Әрине, алғашқы

кезде бірден ішуге жарамды су берілмегені рас. Таты бар сарғыш су ағып, тұрғындар су сапасына күмән тудырды. Артынша жауапты мекеме жөндеу жұмысына кірісіп, барлық кемшілік жойылды. Қазір бір көшеден аздаған сарғыш су ағып тұр. Ол біртіндеп тазарып кетеді деп отырмыз. Оның да басты себебін жобалап тұрмыз. Су жинағыш мұнара мен көлден су соратын қондырғының арасындағы құбыр металдан қойылған. Оны көктемде қайта қалпына келтіріп, пластикалық құбырмен алмастырып беруге



«Бағдарлама халықтың өмір сүру сапасын арттыруға (тыныс-тіршілікті қамтамасыз ететін инфрақұрылымды — энергия және жылу көздерін, газбен, жылумен, электрмен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға), өңірлердің экономикалық әлеуетін дамытуға, сондай-ақ өңірлерді функционалдық типологиясына және экономикалық әлеуетіне сәйкес дамытуға бағытталған, олардың нарықтық бастамада ішкі шоғырлануына, өзін-өзі ұйымдастыруға және өзін-өзі дамытуға көшуіне ықпал ететін әкімшілік-құқықтық және экономикалық сипаттағы шараларды айқындайды»

(Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасынан)

Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы қала іспетті елді мекендердің, шағын ауылдардың жаңа тынысын ашты.



ҚАЛАҒА ҰҚСАЙТЫН АУЫЛ

Халықтың өмір сүру сапасын арттыруды көздейтін бағдарлама аясында еліміздің түкпір-түкпірінде тыныс-тіршілікті қамтамасыз ететін ең негізгі дәйек — инфрақұрылым, яғни энергия және жылу көздерін, газбен, жылумен, электрмен, сумен жабдықтау жұмыстары атқарылып жатыр.

Атырау қаласына қарасты Геолог — ең ірі ауылдық округтердің бірі. Құрамына жеті елді мекен кіретін Геолог ауылдық округінің жер аумағы бүгінгі күні 21 637 гектарды құрап, онда 18 мыңға жуық отбасы тұрып жатыр.

Геолог ауылдық округінің әкімі Қуандық Жақиялиевтың айтуынша, округ аумағында орналасқан

іске қосылды. Өңір әкімі «Бұл мәселе 2012 жылдан бері шешілмей тұрған еді. Қазіргі таңда көпір бойы жарықтандырылып, тұрғындар игілігін көріп отыр», — деді.

Сондай-ақ Геолог ауылдық округіне қарасты Атырау — Доссор тасжолы бойына ұзындығы 20 шақырымды құрайтын аспалы шамдар орнатылып, енді бұл маң түнде де жарық болып тұрады. Енді Геолог, Мирас елді мекені бойынша Құрылысшылар, 3.Көшалиев және С.Қарынбаев көшелеріне түнгі көше шамдары орнатылады. Елді мекен әкімінің айтуынша, қазіргі таңда Қарабатан елді мекенінде 11 үй, №496 разъезде 6 отбасы тұрып жатыр. Аталған теміржол бекеті елді мекендері көгілдір отынмен қамтамасыз етілмеген. Себебі бұл жердегілерді Атырау қаласына көшіру мәселесі көтеріліп келеді. Мәселені түпкілікті шешу жолдары қарастырылуда.

Геолог елді мекенінің тұрғыны **Алтын ШОМАЖАНОВА** «Мен



Геолог, Мирас, Бірлік, Тендік теміржол бекеті, Новокирпичный елді мекені «Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы» аясында инженерлік-инфрақұрылым жүйелерімен толықтай қамтамасыз етілген.

Біздің сауалдарымызға түсініктеме берген Қ.Жақиялиев «Геолог ауылдық округі бойынша барлығы 5 600 метр жолға тас төселді. Атап айтсақ, Бірлік ауылының 11 көшесі. Бірлік ауылы бойынша былтыр 22 көшеге тас жол төсеу қажет болса, қазіргі таңда 11 көшеге тас жол төселді. Қалған 11 көшеге, сонымен қатар Мирас ауылында Тұрар Рысқұлов көшесі мен №13 көшеге ұзындығы 1 шақырым және Геолог ауылында 1 көшеге ұзындығы 1 шақырым тас жол төсеу жұмыстары 2019-2020 жылдың жоспарына енгізілді. 2018 жылдың басында «Геолог ауылдық округі әкімі



аппараты» ғимаратының айналасына 1000 шаршы метрге тас жол төселді», — деді.

Бұдан бөлек, «Мемлекеттік жекеменшік әріптестік» арқылы жалпы ұзындығы 4280 метр болатын көшеге аспалы шам тартылды. Геолог және Мирас елді мекендеріне ұзындығы 2580 метр, Бірлік ауылында Қорқыт ата, Загородный көшелері бойымен 1700 метр жерге көше шамы орнатылды.

Тағы бір жаңалық, Бірлік ауылындағы Ақтау көшесі бойынан Элеваторный көпіріне дейін, ұзындығы екі шақырым болатын көше шамдары жөндеуден өтіп,

Геолог елді мекеніндегі №65 үйдің тұрғынымын. Бұрындары Геолог жері жағалы саз балшық болатын. Әсіресе, баламды дүниеге әкелген кезім естен кетер емес. Өзіміз жолдың шетіндегі жатақханада тұратынбыз. Баланы емханаға апаратын кездері қатты қиналатынмын. Жолға дейін жеткенше саз балшық етікке жабысып, аяқ киімді былғайтын. Қазір ол күндердің барлығы артта қалды. Геолог ауылының әр көшесіне тактайдай тегіс жол төселген. Ауыл ішіндегі асфальт әр үйдің тұсында жүріп жатыр. Бұрын балшықтан қашып, кеш батқанша үйге жетіп алуды ойлайтын болсақ, қазір керісінше, кешкілік ауыл іші мәре-сәре болып жатады. Жұмыстан қайтып келе жатқан тұрғындар бір-бірімен амандасып, балалар ойнап, әдемі көрініс кәдімгідей көңілге қуаныш ұялатады», — деді.

Ал ауыл көшелерінің жарықтандырылуына да тұрғындардың көңілі ток. А.Шомажанова «Ауылымызда жарықтандыру мәселесі де толықтай шешіліп отыр.

Көшеде түнімен жүрсеңіз де, қараңғылықтан қорықпайсыз. Себебі, жарық бар жерде тәртіп бар. Тәртіп болған жерде қауіпсіздік бар», — деді.

Ел экономикасының жетекші күшіне айналған Атырау өлкесі күн санап көркейіп келеді. Соның ішінде, Атыраудың маңынан бой көтерген елді мекендер қатары көбеюде. Таскала, Балауса, Еркінкала сынды ауылдар өз алдына үлкен құрылыс аймақтарына айналды. Меніңше, бұл көрсеткіштердің барлығы халық тұрмысының жақсарғандығын көрсетеді.

Баян ЖАНУЗАҚОВА,
Атырау облысы

Қажет АНДАС,
Қарақұм ауылы
Алматы облысы
Суретті түсірген
Жұмабай МҰСАБЕКОВ



www.jasqazaq.kz

5

«Қазақстан 2020: болашаққа жол»

Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында келешек иелерінің алдында тұрған орасан зор міндеттер айқындалғаны белгілі. Ал жақында Жастар жылының ашылу рәсмінде Елбасы Н.Назарбаев тұжырымдаманы ілгерлету үшін бұл шараның маңызы зор екенін айтты. Осы орайда «Жастар үні» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Президент жанындағы Жастар кеңесінің мүшесі Дәурен Бадамұратовпен ой бөліскен едік.



Jas qazaq: Мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасының стратегиялық маңызы зор. Онда «Аға буынның жасампаз істерін жалғастыруға, ұлттық бәсекелестікке қабілеттіліктің деңгейін одан әрі жоғарылатуға, Қазақстанның ХХІ ғасырда гүлденуі мен әлемдік танылуын қамтамасыз етуге тиіс жастарға үлкен үміт пен жауапкершілік жүктеледі» деп атап көрсетілген. Елбасының 2019 жылды — Жастар жылы ретінде жариялауы келешек иелеріне дем берді. Шын мәнінде, келешекте жастар қаншалықты қолдауға ие болмақ, басым бағыттар төңірегінде қандай мәселелерді ерекше атап өтер едің?

Дәурен Бадамұратов: Сіз қойған сауалдағы үміт пен жауапкершілік мәселесі Жастар саясаты тұжырымдамасында «Мұндай миссия кәсіптік білімі, дені сау әрі адамгершілігі мол, бәсекеге қабілетті, патриот және әлеуметтік тұрғыдан жауапты жастардың ғана қолынан келеді. Осыған байланысты мемлекеттің басым міндеті мемлекеттік жастар саясатын уақыт талаптарына сай бейімдеу арқылы жастарды Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігінің маңызды факторына айналдыру» деген қағидат толықтыратын. Мұны Елбасы тың ойлармен, орынды ұсыныстармен дамытты. Жастар жылын белгілеу — үлкен мүмкіндіктердің қайнар көзі, зор жауапкершілік. Президент жастарға қатысты атқарылар шаруаларды төрт бағытқа бөліп көрсетті. Ол — жастардың білім алуы, жастарды жұмыспен қамту, баспана және отбасы мәселесі. Осыған байланысты қыруар жұмыстар атқарылғалы отыр. Мәселен, ендігі жерде жоғары оқу орындарының маман дайындау сапасына қатысты талап күшейтіліп, грант саны көбейтіледі. Бұл тұрғыда мемлекет басшысы «Жоғары оқу орнының табыстылығын бағалаудың

қысқарар. Есесіне, тәжірибесімен, білім мазмұнымен, білікті ұстаздарымен, ғылыми бағыттарымен ерекшеленетін заманауи талаптарға жауап беретін жоғары оқу орындары қалыптасады. Бұл тұжырымдамадағы «Жастардың дәстүрлі құндылықтары — білім мен мансап білім беру жүйесінің еңбек нарығына айқын бейімделуді, анықталған қажеттіліктер мен технологиялық жаңалықтарды ескере отырып, білім беру мен кәсіптік даярлау жүйесінің экономикалық, әлеуметтік және кәсіпкерлік болмысқа сәйкестігін қамтамасыз етуді назарға ала отырып, қайта қаралуға тиіс. Жастар арасында ғылымның мәртебесін арттыру және оларды инновациялық жобаларды әзірлеуге тарту жастар саясатының негізгі бағыттарының біріне айналуы қажет» деген қағидатты тәжірибе жүзінде іске асыруға мүмкіндік беретін алғышарт.

Бұл аймақтарды аса тәжірибелі мамандармен қамтамасыз етуге дөңкер болады. Еліміз арнайы білімі бар жұмысшы мамандарға зәру екендігі ашы шындық. Сондықтан әлі жоғары оқу орындары жанынан бәсекеге лайықты бір колледжден ашу да тапсырылды.

Екінші мәселе — жастарды жұмыспен қамту. Қазір оларды екі топқа бөліп қарастыруға болады. Біріншісі — ұйымдасқан жастар: белгілі бір оқу орнында оқитын немесе жұмыс істейтіндер. Екіншісі — ұйымдаспаған жастар: не оқуда, не жұмыста жоқ. Олардың саны 300 мыңға жуық көрінеді. Міне, соларды жұмысқа орналастыру үшін не істеу керек? Президенттің

пікірінше, олардың барлығына жұмыс тауып берген дұрыс. Мамандығы бар адам — жартылай жұмысқа тұрған адам. Егер қыз-жігіттерге заманауи мамандықтарды үйретсек, олардың әлеуеті бірден артады. Сол себепті, Елбасы «Ауыл — ел бесігі» жобасы аясында инфрақұрылымды дамытып, жергілікті жерлердің кадрлық әлеуетін күшейтуді ұсынды. Осыған орай, «Дипломмен — ауылға!» бағдарламасына енгізілетін мамандықтардың тізімі кеңейтіледі. Көшіп барғаны үшін төленетін жәрдемақы мөлшері 70-тен 100 айлық есептік көрсеткішке дейін арттырылады.

Жастарды ауыл шаруашылығымен айналысуға қызықтыру да көзделген. Дамыған елдерде бұл жоғары өнімді әрі инновациялық салалардың бірі. Онда цифрлы технологиялар мен

роботтандырылған кешендер белсенді қолданылады. Сондай-ақ «Жас маман» бағдарламасын жасап, бәрін еңбекпен қамтуды қарастырылмақшы. Жұмыссыз жүрген әрбір қыз-жігіт жергілікті жердегі жұмыспен қамту орталықтарына барып, өз өтінішін айтса, әлгі мекемелер жастарды бейіміне қарай мамандық алуына көмектеседі. Үшінші мәселе — жастарды баспанамен қамтамасыз ету. Жастар өте жиі шоғырланған Астана, Алматы және Шымкент қаласында мың адамға арналған баспана құрылыстарын қолға алып, оны жалға алу үлгісімен беру көзделуде. Ең қызығы, осы құрылыстарды салуға жастар да атсалыспақшы. Демек, студенттердің құрылыс отрядтары қайта жанданады. Бұл өте тиімді бастама.

Jas qazaq: Осындайда «Ауыл жастары игіліктің бәрінен құр қалмай ма?» деген сауал туындайды...

Қазіргі жастар — өте мықты, шетінен патриот, білімге құштар, іскер, еңбеккор. Осыны ауыл жастарының бойынан көп көре бастауымыз бәрімізді қуантады. Ауыл жастарына деген назардың күшейтілуі де осыдан туындайды. Тіпті олардың денсаулығын шыңдауына, саламатты өмір сүруіне дейінгі жағдай қарастырылуда. Мәселен, өңірлік деңгейдегі резервтерді

“ ЖАСТАРДЫҢ ІСКЕ ЖҰМЫЛА БІЛУІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ АСА ЖОҒАРЫ. ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ СӘЙКЕС ЖАСТАРДЫҢ ҮШТЕН БІРІ ЖҰМЫС ҮШІН ЕЛДІҢ КЕЗ КЕЛГЕН Өңіріне баруға Әзір. КЕЗ КЕЛГЕН ЖАҒДАЙДА ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУГЕ Әзірлік, ЖАСТАРДЫҢ ӨЗ ІСІНІҢ ДҰРЫСТЫҒЫН ДӘЛЕЛДЕП БЕРУГЕ ТАБИғИ ҰМТЫЛЫСЫ ӨСУ НҮКТЕЛЕРІ – АСТАНАДА, АЛМАТЫДА, ШЫМКЕНТТЕ, АҚТӨБЕДЕ, АҚТАУДА ІШКІ КӨШІ-ҚОН МӘСЕЛЕСІН ШЕШЕ АЛАДЫ.

(«Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасынан)

ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ ҚАДІРІН БІЛЕТІН ЖАСТАР КӨП



Дәурен Бадамұратов: Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап жүргізіліп келе жатқан мемлекеттік жастар саясаты жоғам өмірінде тұрақтандырушы рөл атқарды. Жастарға көп кездесетін өмір ағымының қиындықтарын жеңілдетуге мүмкіндік берді, жастардың әлеуметтенуіне жағдай жасады. Елбасының басты ұстаныма да ауыл жастарын назардан тыс қалдырмау. Бұл мәселе тұжырымдамада «Жастардың санасына патриотизм — өзін, отбасын және біздің Отанымыз үшін ұлы жауапкершілік екенін сіңіру ерекше маңызды» деп көрсетілген.

Рас, қазір жастар қалаға құштар болып барады. Урбанизация процесі әлемде жүріп жатыр. Олан бізде тысқары қалмаймыз. Қыз-жігіттерді ауылда ұстап тұра алмайсыз. Бірақ туған жерін түлетуге, ауыл шаруашылығымен айналысуға бел бұғандар болса, оларға барыныша көмек көрсетіледі. Осының бәрі Елбасы Жолдаулары мен мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасында айқын көрініс тапқан. Мысалы, алдағы уақытта ауыл шаруашылығына қатысты білім беріліп, максатты қаржы бөлінеді, кәсіби ақпарат беріледі, егісін ұлғайтуға, малын көбейтуге, өнімін тиісті жерлерге қабылдату шаралары қарастырылады. Біз ауыл жастарымен ақылдасып, көкейдегі түйткілдерін сұрағанда, олар да осыны ескертеді. Салтанатты шарада айтылғандай, «Жастар — ел тірегі» атты біртұтас жалпымемлекеттік жоба еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жастарды жұмысқа орналастыруға бағытталған қазіргі бағдарламаларымен біріктіріледі. Осылайша, алдағы үш жылда жобаға бір миллионнан астам адамды тарту жоспарланған. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына қарай «Жасыл ел» қозғалысының базасында «Жасыл қала — жасыл ауыл» жалпыұлттық жобасы іске қосылады. Осы секілді шаралардың барлығы ауыл жастарын игілікті іске тартатыны даусыз.

тауып, бұқаралық спорт пен дене шынықтырудың қолжетімділігін арттыру қажеттігі, соған орай, үкіметке және әкімдерге кем дегенде 100 дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салуды міндеттелмекші. Сондай-ақ қолданыстағы, әсіресе мектептердегі спорт ғимараттарын тиімді пайдаланып, дене шынықтырумен айналысу үшін аулаларды, саябақтарды жабдықтау көзделген. Жастардың жүрегіне жақын бастамалар көбейген сайын, олардың белсенділігі артады. Тек барлық шараларға соларды тартуды ұйымдастыру керек.

Jas qazaq: Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы қаншалықты іске асып жатыр?

Дәурен Бадамұратов: Бұл бағдарламада кешенді мәселелер көтерілген. Еліміздің алдына қойылған басты мақсат — Елбасының тапсырмаларын тиянақты орындау. Осыған дейін жастармен жасалған жұмыстардың барлығы, енді қолға алынатын қыруар шаруалар мемлекеттік жастар саясатын қолдауға бағытталған. Мәселен, тұжырымда көрсетілген демографиялық ахуал, жастар ұйымдары, жұмыспен қамту, патриотизм, халық бірлігі, толеранттылық, білім, еңбеккорлық, ғылым және инновация, отбасы, денсаулық және спорт секілді қағидаттардың барлығы қолға алынған, біртіндеп іске асырылып жатыр. Жастардың ресурстық орталықтарының ашылуы, қосымша біліммен қамту, жастар практикасын қалыптастыру, «Дипломмен — ауылға!» секілді бағдарламалар көп жұмыстардың бірі.

Бәріміз үшін ең басты құндылық — Елбасының жанына жақын тұрып, ел жастарына қарата айтылған міндеттерді өз аузынан тыңдау болды. Үш сағат аз болып қалғандай көрінді. Президент «Жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау мемлекеттік саясаттың басымдығына айналуға тиіс» дегенді тағы бір рет дәлелдеді. Бұл жағы Жолдауда



«Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек. Біз ауылдық жерлердің әлеуметтік ортасын жаңғыртуға кірісуіміз қажет. Бұған арнайы «Ауыл — ел бесігі» жобасының іске қосылуы септігін тигізеді. Бұл жоба арқылы өңірлердегі еңбекке қатысты идеологияны ілгерілетуді қолға алу керек. Бойсқаут қозғалысы сияқты «Сарбаз» балалар-жасөспірімдер бірлестігін құрып, мектептерде әскери-патриоттық тәрбиенің рөлін күшейткен жөн. «Өз жерінді танып біл» жана бастамасы аясында еліміздің өңірлері бойынша жаппай мектеп туризмін қайта жаңғырту керек» деп атап көрсетілген.

Жастар жылына арналған жиыннан кейін қыруар шаруа одан әрі жанданатын болады. Аmandық болса,

алдағы уақытта мемлекеттік жастар саясатының жемісін нақты көретін боламыз.

Jas qazaq: Отаншылдықты, патриотизмді қалай нық қалыптастыра аламыз?

Дәурен Бадамұратов: Оның барлығы тәрбиемен, тарихпен, әдебиетпен келеді. Мәселен, тарихын, бүгінгі бақытты күні үшін кімдердің қан төккенін білмейтін ұрпақтан ештеңе күтуге болмайды. Сол себепті, бізге отансүйгіштікке тәрбиелейтін идеология керек дер болсақ, ол мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасында айқын көрініс тапқан. Дегенмен, бұл жердің иесі бар, ол қазақ, бұл жердің киесі бар, ол осы жер үшін қанын төккен, жанын берген бабаларымыз деп айтып отыру керек үнемі. Президентіміз айтқандай, ел азаматтары реформалардың мәнісін, Отанымызды өркендету жолында олардың маңызды екенін түсіну керек.

Бүгінде шамамен 1,1 миллион жас жоғары оқу орындары мен колледж студенттері. Оның ішінде 100 мыңға жуық жас шетелде білім алуда. Елбасының бастамасымен құрылған «Болашақ» халықаралық стипендиясы 25 жыл ішінде 12898 жасқа берілген. «Болашақ» түлектерінің 99 пайызы жұмысқа орналасып, жұмыс берушілер арасында үлкен сұранысқа ие. Өмірдің өз жолын тапқан жастар нарық экономикасының бел ортасында тасын өрге домалатып келеді. Келешегіміздің көзжиегі, тіпті кен. Алдағы уақытта Елбасының тапсырмасымен үкімет «Бизнестің жол картасы — 2020» аясында жас кәсіпкерлер үшін грант бойынша бөлінетін қаржы көлемін екі есе арттырмақшы. Кем дегенде 80 мың адам немесе олардың төрттен бірі өз кәсібін бастап, ел экономикасына елеулі үлес қосатын болады. Арнайы білім алған мамандар нарыққа дайын стартаптар мен өнімдер ұсына, бітіруші курстардағы 60 мыңға жуық студентті бизнеске баулу көзделіп отыр. Үкіметке Жастар стартаптарын қолдау қорын құру тапсырылды. Мұның барлығы алға қарыштап қадам басып, жастар бойынша жалын берудің мол мүмкіндігі. Бұдан шығар қорытынды: «Қазақстан 2020: болашаққа жол» мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы Жастар жылымен орайласып, жақсы бастамаларды ілгерілетіп, жастардың рухын көтергелі отыр. Бұлардың бәрі қыз-жігіттердің бойында отаншылдық сезімдерін қалыптастыруда.

Міне, жастарға деген қамқорлықтың бірқатарын атап көрсеттік. Ал жыл соңына қарай жастардың атқарған жұмыстарының жемісін көре бастаймыз.

Jas qazaq: Әнтігіменізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Жолдасбек ДУАНАБАЙ

ЖАС БУЫНҒА — ЗОР СЕНІМ

Алматыда өткен Ауыл жастарының I республикалық форумы кәсіпкерлікпен айналысуға ниетті қыз-жігіттердің рухын оятты.

«Қазақстанның 100 жана есімі» жобасының жеңімпазы, жас кәсіпкер Сырым Ертаев: «Қайып ата» шаруа қожалығын басқарады екен. Былтыр ет экспорты бойынша елімізде ең жоғары нәтиже көрсеткен. Мандай терінің арқасында қалай табысқа кенелгенін ол форумда замандастарының алдында баяндап берді. Жасыратыны жоқ, жиырмадан енді асқан жігіттің жаңалығына қыз-жігіттердің арасында тамсанғандар көп болды. Тіпті болашағын ауылмен байланыстырып, қолына дипломын алса, ауылға барып жана өмір бастауды ұйғарғандар да табылды. Далада жүріп те тасты өрге домалатуға болатынын, қомақты табыс табуға мүмкіндік мол екенін мақтанғышпен жеткізген Сырым өзі секілді өрендерге «Ауылда тудым, қалада оқыдым, қалада жұмыс істедім. Бірақ еліміздің дамуына үлесімді қоссам деген жастық жігеріммен ауылға бет алып, кәсіп аштым. Бүгінде сол мақсатыма жеттім. Ауыл күш-жігері тасыған, білімді, талапты жастарға зор мүмкіндіктердің алтын

қакпасын ашты. Жастарды ауылға барып еңбек етуге шақырамын», — деді ағынан жарылып.

Жиын барасында байқағанымыз, адал еңбекпен молшылыққа кенелуді мақсат еткен жастар жыл сайын көбейіп келеді. Елбасы Н.Назарбаев жуырда ғана Жастар жылының ашылу салтанатында туған жерді түлетудің тың жолдары барын, қолынан іс келетін адамға ауыл кедергі болмайтындығын әдемі айтты. Жас буынды жан-жақты қолдау бойынша ауқымды шаралар айқындалды. Соның бәрі ауылдағы жастардың кәсіпкерлікпен айналысуына қолдау көрсетуге, жұмыспен қамту, қолжетімді және сапалы білім беру шараларын онтайландыруға бағытталған.

Мемлекет басшысы көтерген бастамалар жастары үшін еліміздегі әлеуметтік және экономикалық процестерге тікелей атсалысуға мүмкіндік беретін жауапты әрі маңызды қадам. Жиында «Ауыл» партиясының төрағасы, депутат Әли Бектаев: «Жастар жылының» жариялануы — жас буында деген зор сенім, өскелең ұрпақтың өзекті мәселелерін шешіп, жана мүмкіндіктерге жол ашатын маңызды қадам. Сондықтан, көзі ашық, көкірегі ояу білімді ұрпақ өз мүмкіндігін пайдаланып, еліміздің дамуына, ауылдың көркеюіне үлес қосуы тиіс. Ауыл — еліміздің, жеріміздің тұтастығының, азық-

түлік қауіпсіздігінің кепілі. Ертен тұрғындардың бәрі қалаға көшіп жатса, астықты, көкөністі кім егеді? Малды кім бағалды? Сүт кім өндіреді? Осыны да ойлауымыз керек», — деді.

Дәл осы мәселелерді Сырым Ертаев секілді іскер, еңбеккор жастар шешетіні анық. Олардың қатары көбейген сайын молшылыққа кенеледі. Партия төрағасының айтуынша, елімізде жеке кәсіп ашып, іс бастаймын дейтін азаматтарға мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау жеткілікті. Мәселен, 2010 жылы қабылданған «Бизнестің жол картасы — 2020» бағдарламасы шенберінде он мыңдаған адам жеке кәсібін ашып, бизнесін дамытуда. Форумда осымен байланысты сала мамандары ауыл шаруашылығында жетістікке жетіп, ел экономикасына қомақты үлес қосып жүрген азаматтармен ой бөлісті.

Бас қосуға қатысушылар жас ғалымдардың аграрлық саладағы ғылыми жетістіктерінің стартап көрмесін аралады. Аграрлық саладағы зерттеу жұмыстарының нәтижелері мен инновациялық жаңалықтарын тамашалап, ғылыми жобаларды агросалаға енгізудің тәжірибелік маңызымен танысты. Жиын соңында еліміздің қоғамдық ұйымдарына, жастар қауымына, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының барлық деңгейдегі органдарына арналған үндеу қабылданды.

Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ



Кикулаған қаз дауысынан құлақ тұнады екен. Бір өңкей етженді, ақ қаз. Дәл қазір ет жинай қоймаса да, алғашқы қардан кейін суық сорған соң қарбыта жем жеп, торланады. Құс еті — қашанда таңсық ас. Кәсіпкер де сол жайды жақсы білетін тәрізді.

Әуел баста жұмыспен камту орталығынан 4 миллион теңге несие алып, құс шаруашылығын

Өз еңбегіне сүйеніп, қолға алған ісін алға бастырғанша асығатын азаматтарды көргенде, көңіліңді ризашылық сезім баурап алатыны бар. Ел ішінде еңбекке ынталы жан көп әрі олар бастаған ісін берекелі етіп отыр. Сол берекенің бастауы — жұрт жайын ойлаған мемлекеттік бағдарламалар.

ие болыпты. Көшелері абаттанып, жұмыртқадай жұтынған, облыс орталығынан таяқ тастам жерде ірге тепкен Красный яр ауылының кейпі көрген жанның көзін қуантады. Соңғы 2-3 жылдың бедерінде бір-бірімен жарыса бой көтерген жаңа ғимараттар шағын ауылдың шырайын келтіріп-ақ тұр. Барлық көшелер

Жалғыз біздің ғана емес, тұтас ауылдың», — дейді.

Айтса айтқандай, ауыл ажары бұрынғыдан біржола өзгеріп, төп-тәуір көрікке

Аумақтарды дамыту бағдарламасы бойынша жол жөндеу жұмыстары қарқын алуда. Күні бүгінге дейін 11500 шаршы метр аумаққа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұл мақсатқа бөлінген 24 миллион теңге толық игерілді. Әлі де қамти алмай жатқан жерлер бар. Ондай көшелерге қиыршық тас төсеп, ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізудеміз. Бұл мақсатқа 15,7 миллион теңге бөлінген еді. Осы қаржының арқасында жалпы аумағы 22200 шаршы метр жер жөнделді», — дейді.

Елді мекенде ұзақ жылдан бері шешімін таппай келе жатқан мәселенің бірі — әбден тозығы жеткен көріз жүйесін ауыстыру болатын. Биылғы жылы қалалық бюджеттен бұл мақсатқа 9 миллион теңге қаражат бөлінген. Көктемдегі қызыл су жүрген уақытта топан су қаптап кететін көшелер бұдан былайғы уақытта ондай қиындықты тартпайтын болады. Республикалық

Соңғы жылдары Сарыарқаның сақылдаған сары аязында жылу тақсыретін тартқан ауыл тұрғындары мемлекет қамқорлығына дән разы. Осы іске «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша 912 миллион теңге қаражат бөлінген екен. Шынтуайтында, бұл өте маңызды құрылыс болды. Тиянақты атқарылған соң, тиімділігін ел көріп отыр.

Ел ішінде өз кәсібін дөңгелетіп, өзіне де өзгеге де шарапатын тигізуге ұмтылатын ынталы жандар көп. Сол жері көңілге демеу. Алдымен, селолық округтін әкімі жергілікті кәсіпкерлердің басын қосып, төрт мәрте кездесу өткізіпті. Жиынға кәсіпкерлер ғана емес, әлі ісін бастамаған, қаржысы болмағанымен, қауқары, ықылас-ниеті бар адамдар да шақырылған. Сол жиында облыс орталығындағы қаржы институттарының өкілдері әртүрлі бағдарламалар туралы кенінен түсіндіріп, тиісті мәғлұмат берген. Бұрын екі қолына бір күрек таба алмай жүрген жергілікті жігерлі жастар мемлекеттік бағдарламалардың қаншалықты тиімді екендіктеріне көз жеткізгеннен кейін

бел бұған. Түсіндіру жұмыстарының нәтижесінде 10 кәсіпкер 133 миллион 500 мың теңге көлемінде несие алып, өз жұмысын бастады. Солардың бірі — жеке кәсіпкер Бекжан Қырқаев. Ол өсімтал, сүтті ешкі бағуға ниеттеніп отыр.

Бекжан Ахметбекұлы: «Бұрабай баурайындағы Көкшетаудағы туберкулезден емдеу мекемелерімен келісімшарт жасап қойдық. Қазір ешкі сүтінің емдік қасиетін ел жақсы біледі. Астана манындағы асыл тұқымды шаруашылықтан ешкі алуға келістік. Бизнес жоспарымыз мақұлданды. Енді мемлекеттік бағдарлама бойынша несие аламыз. Әзірге өз қаржымызға мал қорасын салып жатырмыз» — дейді. Сүт құятын цех та осы жерде. Ресейден 175 мың

теңгеге сауын аппаратын сатып алдық. Ешкіге қоса, сауын сиырлар да алмақ ниеттеміз. Біздің бұл ұмтылысымыз жалғыз өз шаңырағымызға ғана емес, бірігіп жұмыс істейтін малшы, сауыншылардың да ырызылығы.

Кәсіпкердің айтуына қарағанда, ауылда шөп шабатын жер аз. Оның үстіне жайылым мәселесі де толғандырады. Тығырықтан шығатын жалғыз жол — мал азығын сәл алыстау өңірлерден дайындау. Бұылмаған шөпті тасымалдау қиын. Келер күннің қарекетін күні бұрын ойлаған ол үш жарым миллион теңгеге шөп тайлайтын агрегат сатып алпты.

Шынтуайтында, ауылда кәсіп көзі баршылық. Тек соны игеремін дейтін ниет болса болғаны.



«Шағын және орта бизнестің экономиканы өртарпағтандырудағы рөлі өте маңызды. Ауылдарда, шағын қалалар мен моноқалаларда шағын кәсіпкерлік субъектілері тұрғындардың тұтынушылық сұранысын қанағаттандыруға бағдарланған секторларда жұмыс істей отырып, дамуға жаңа түрткі беруге тиіс. Осыған байланысты, жеке кәсіпкерлікті қолдау, қаржыландыруға қажетті инфрақұрылымды қамтамасыз ету, бастамаларды бірлесіп іске асыру үшін әріптестер тартуды қамтитын болады»

(«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасынан)

соң екпе шөп егуге де айрықша мән беріліп отыр. Өнім көлемін көбейту әлбетте тұқымға байланысты. Қазір бастаулықтар бұл жұмысқа мейлінше

Қанат Ақылбаев пен Владимир Симанков жетекшілік ететін трактор бригадаларының мерейі үстем болды. Уақытылы толымды жалақы төленген соң жұмысшылардың да ынтасы жоғары. Еңбек сабақтастығы да үзілген емес. Мысалы, Хит әулетінен жеті жұмысшы болса, Болож фамилиялы үш енбеккер бар. Қысқа қайырып айтқанда, серіктестік өзге жердегідей механизматордан кемдік көріп отырған жоқ. Техникалары да сакадай сай. Айтпақшы, дені су жаңа 12 «Кировец» тракторы бар. Шынын айтқанда, қазір мойны озық шаруашылықтардағы шетелдік техникаларға көз үйреніп кеткен.

тұқымын қоса есептегенде үш мың бас, қазақы тұқымды жылқы мың басқа жеткен. Серіктестік — Солтүстік Қазақстанда асыл тұқымды Еділбай қойын өсіретін бірден-бір заманауи кәсіпорын. Қой саны он мыңға жеткен.

Асыл тұқымды селекция үшін әр бас аналық малға жиырма мың теңгеден субсидия алады. Өткен жылы жалпы қаражат мөлшері алпыс миллион теңгеге айналған. Мол табыстың шын сыры өндірісті ғылыми жүйемен байланыстыруларында. Алматыдағы мал шаруашылығы және жем-азық өндірісі ғылыми-зерттеу институтының жөне осы жерде зерттеу жұмыстарын жүргізіп

Темірхан Мұқашев осы өлкенің тумасы. Әскери борышын өтеп келген соң Целиноград ауыл шаруашылығы институтын бітірген. Жоғары оқу орнынан «Красная заря» колхозына жолдама алды. Бұл 1977 жыл болатын. Сол жылы еңбөк кітапшасына жалғыз жазу түскен. Кейін ештеңе қосылған жоқ. Бір жерде табан аудармай жұмыс істеді. Бөлімшенің мол дәрігерінен бастап, колхоз басқармасы төрағасының орынбасарына дейінгі жолдан өтті. Алғашқы жылдары тірнектеп тәжірибе жинақтаса, кейінгі жылдары кемелденіп толыса түскен. Шағын ауылда қолыңның қалай қимылдайтынын, қолға алған ісіңнің қалай қарай оңғарылғанын жұрттың бәрі көріп отырмай ма?

Тыңдырымдылығын таныды, іскерлігіне көздері жетті. Жар басынан жол таппай тұрғанда жандарын шүберекке түйіп қолына тапсыруы содан да шығар. Серіктестіктің атын да үржана іс болған соң өздерінше ырымдап «Бастау» деп қойды.

Алғашқы жылдар бірін-біріне әрең құраған, етекке тартса, бастарына жетпей, басын жапса, етегі жалаңаш қап сұрапыл қиындықпен өткен. Құрылымдық өзгерістер жасап көрді. Әйтсе де нәтижесі көңіл тоғайтар емес. Жиын-терін кезінде тапқан табыс шығынын әрең жабатын. Бірақ тіршіліктің толқыны кеудесінен қанша итергенімен өлермендеп алға ұмтылды. Нәтижесінде не шықты дейсіз ғой? Таалаптыға шынымен нұр жауады екен. Қазір түп-түзу көшелер тегіс асфальттанған, әр үйдің жанындағы қолдың саласындай ағаш біткен аппақ бөркін киіп алып, тасанып қарайтындай. Кейін салынған жаңа ғимараттардың жанындағы баяғы тың кезінде ірге көтерген тұрғын үйлер күтімнің арқасында жайнап тұр. Айтпақшы, бұл ауылдағы әлеуметтік-тұрмыстық жағдай жақсы, жұмыс болғандықтан, тұрғын үйлердің бағасы да арзан емес. Қамқорлықтан қағыс қалмағандығын байсауат адам бірден байқар еді. Ел болашағын есінен еш шығармайтын серіктестік жергілікті мектепке жаңа асхана салып берген. Оқушылардың бәрі тегін тамақтанады. Іші кірсе шыққысыз құркытайдың ұясындай жүй-жылы, сәнді, салтанатты. Асхана емес, кәдімгі мейрамхана дерлік. Етек-жені кең

пішілген ел болған соң той-домалақ та аз емес. Шаруашылық торқалы тойдан да, топырақты өлкімнен де шет қалмайды. Бәріне қол ұшын созады. Жұмысшылардың орташа айлық жалақысы 95 мың теңге төңірегінде.

Бұрынғыдан қалған тәжірибеде іс тетігін де кадр шешеді деген ұғым бар. Серіктестік басшысы Темірхан Мұқышев ветеринария факультетін 130 баламен бірге бітірген. Бүгінде соның төртеуі ғана өз мамандығы бойынша жұмыс істейді екен. Міне, кадр жоктықтың бір себебі. Ақық дән аялап, ақтылы мал өсіріп отырған соң білікті кадр қажет-ақ. Серіктестік басшысының айтуына қарағанда, қазір өрісті малға толтыруға қолайлы жағдай туып тұр. Мемлекет тарапынан

көрсетіліп жатқан қамқорлық ересен. «Бизнестің жол картасы — 2020», «Сыбаға», «Алтын асық» тәрізді тиімді бағдарламалар бар. Сол бағдарламалар дұрыс жұмыс істеу үшін алдымен оқу орындарындағы білім сапасын жақсартқан ләзім. Оған қоса, жоғары оқу орнын бітірген түлектерге жолдама беріліп, өз мамандығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс істеуді міндеттеген дұрыс. Жас мамандарға «Дипломмен — ауылға!» бағдарламасы бойынша тиісінше қамқорлық та жасалып жатыр ғой. Ал жергілікті жерде тәлімгерлердің табылатыны айқын. Темірхан Мұқышев та жас кезінде тәжірибелі тәлімгерлердің шарапатын көрген. Қазір шаруашылықты ұйымдастырудың шын шеберлері Төлеген Қамбатыровтың, Леонид Шиманның есімін құрметпен атайды.

Шаруашылық өз есебінен жергілікті мектеп түлектерін оқытып жатыр. Болашақты ойлау деген осы. Бітіріп келгендерге міндетті түрде тәлімгер ұстаз тағайындайды. Бүгін ат жалында жүрген кадрлардың ертең жасы жеткен соң зейнеткерлікке шығатыны анық қой.

Шаруасы шалқып жатса да, Темекен «өзінде бармен көзге ұрып» мақтануға жоқ. Біз айтып көрелік. Серіктестік егіншілік пен мал шаруашылығын қатар дамытуда. Тізгін — орынбасарларында. Бас агроном Қайыргелді Ербалиннің айтуына қарағанда, алғашқы жылдары 14 мың гектар алқапқа дән сіңірілсе, қазір 36 мың гектарға жеткен. Егіншілік мәдениетін жетілдіріп, әртараптандыру үшін 5 мың гектарға күнбағыс, 3 мың гектарға зығыр егіледі. Мал басы өсіп келе жатқан



жарықтандырылған. Ұқыпты қолдың табы айқын аңғарылады. Ауыл көшелерінің өңе бойында күл-қокыс жәшіктері қойылған. Автобус аялдамалары соңғы үлгіде салынды. Бір айта кетерлігі, тұрмысы түзелген ауылдың демографиялық ахуалы да жақсара түсіпті. Бүгінде осы ауылда 14 мыңға жуық адам тұрады.

Селолық округтін әкімі Нұрлан Айсин:

«Рухани жаңғыру», Нұрлы жер», «Нұрлы жол» бағдарламалары бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Мемлекет пен жекеменшік бірлесіп 32 пәтерлік үш үй салынып, пайдалануға берілді.



назар аударуда. Соның арқасында соңғы бес жылда гектар берекесі 15-16 центнерден төмендеп көрген емес. Биыл да жеріне жеткізе өңделген алқаптарға «Ақмола — 2», «Астана», «Шортанды — 95» бидай, сондай-ақ «Арна», «Бітік» тәрізді арпа тұқымдары себілді. Аталған қор Германияның «Пенкус» фирмасынан жеткізілген жабдықтармен өңделіп, компьютерлік базада рет-ретімен тіркелген.

Серіктестік жыл сайын егін орағын ерте бастап, ерте аяқтайды. Күзгі дала жұмыстарының ерте бітуіне себепші — қуатты техника. Су жаңа дерлік 35 комбайн егін шак келтіре ме? Қарбалас кезде жұмысшыларды қанаттандырып, өзара жарыс та ұйымдастырады. Биыл

Сөйтсек, Темірхан Қаппасұлы осыдан 3-4 жыл бұрын Санкт-Петербуркке жол түскенде сондағы атакы зауытта болған екен. Бұл тракторлар Қазақстан жағдайына өте ыңғайлы әрі күтіп мінсе, отыз жылға дейін пайдалануға әбден болады. Қызғып кетіп, бірден 12-не бірдей келісімшарт жасаған. Қазір өзін-өзі ақтап отыр.

Мал шаруашылығы да серпінді дамып келеді. Бұл жайында серіктестіктің бас мал дәрігері Ғайдар Қоспаев шежіредей тарқатып айталды. Мұнда төрт түліктің небір асылы өсірілуде. Дені етті бағытта. Бір мезетте бес мың бас ірі қараны бордақылайтын инвестициялық жоба іске асырылуда. Қазақтың ақбас сиыры мен Америкадан жеткізілген ангус

ескерсеніз, бес мың ірі қараға қырық мың гектардан артық жер керек. Жері тар болған соң, бастаулықтар жаз шыға малды Қарағанды облысына дейін айдайды. Бұлай бағудың қаупі де бар. Айдағаны асыл тұқым ғой.

«Құрмет» орденінің иегері, ауданның құрметті азаматы Темірхан Мұқышев: «Бұл бір соныға соқпақ салған Ұлы көш тәрізді ғой. Бүкіл еліміз тәрізді «Бастау» да асқаралы биікке ұмтылуда», — дейді.

Сол ұлы көштің алдыңғы легінде өздері де келе жатыр.

Бетті дайындаған

Байкен КӨБЕЕВ,

Атбасар ауданы,

Ақмола облысы



www.jasqazaq.kz


7



«Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты. Мектеп қабырғасында балаларымыз ағылшын тілін оқып, латын өріптерін онсыз да үйреніп жатыр. Сондықтан, жас буын үшін ешқандай қиындық, кедергілер болмақ емес»

(Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласынан)

ескеріп отырмыз. Оларға жоғарыдан бұйрықпен биліктің тарапынан тапсырма беріле салды. Сондықтан олар да алғашында көптеген қиындыққа тап болды. Мысалы, өзбектер әліпбиін үш рет өзгертті. Сондықтан халық еркін игеріп кете алмады. Жуырда ғана өзбек көршілеріміз әліпбилеріне соңғы өзгерістерді енгізді. Осы мәселелерді ескере отырып, біз де 1-2 жыл емес, 2025 жылға дейін осы үлкен жұмысты бітіруіміз керек. Ал осы бағытта халықпен ақылдасуды, халықпен кез келген уақытта мәселені талқылауды



БОЛАШАҚ ҮШІН ЖАСАЛҒАН ҚАДАМ



ӨЗ ОЙЫМ

«Көп адам латын графигіне ауысуды өріп ауыстырумен шатастырады. Бұл – қате түсінік. Әріп мәселесі – ең соңғы, ең оңай мәселе. Жаңа графикадағы бірыңғай стандартты өзірлеу жұмысы, біріншіден, төл грамматикалық, фонетика және фонологиялық, лексика және синтаксистік, семантика және орфографиялық заңдылықтарымызды ескеріп, солардың негізіне сүйеніп, сөйлеу мен жазылым принциптерін ажыратудан, жүйелеуден басталады. Дәл қазіргі әліпбиімізбен пайдаланып отырған тұста – осының бәрі өрескел бұзылған, ескерілмеген, ша-тастырылған күйде. Сондықтан жаңадан жазуымыз керек. Одан кейін ғана, тілдің өзінен әліпбиімізді шығаруымыз керек. Латын әліпбиіне көшіру реформасы басталғалы үш рет әліпби нұсқасы ұсынылғанда институт мамандары жан-жақты әліпбидің ерекшеліктері мен кемшіліктерін ашып көрсетіп, жазу жүйесіне қатысты ғылыми-тәжірибелік жағынан оңтайлы жолын ұсынуда».

Ерден ҚАЗЖЫБЕК



2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керек. 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауға кірісуіміз қажет.

(Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласынан)

танба болған. Ал қазір бізде 42 танба бар, бір қарағанда тым артықтау. Сондай-ақ біздің тілімізде ешқашан болмаған танбалармен, қосарланған дыбыстарды танбайлатын көптеген қосымша өріптер пайда болды. Мысалы, я, ю, е, ё деген дыбыстар қазақ тілінде жоқ, оны «е» деген бір ғана дыбыс білдіреді. Осылайша біздің тіліміз көптеген өзгерістерге ұшырады. Дыбыстарды дұрыс танбалаудан бөлек, біз орыс тілінің заңдылықтарына көндік. Ал орыс тілі заңдылықтарында қазақ тіліндегі үндестік, үйлесімділік заңдылықтары сақталмайды. Осы тұрғыдан алғанда, латын әліпбиіне көшудің маңызы ерекше.

Jas qazaq: Сіз сонда латын әліпбиін әлі де жетілдіре түсу керек деп ойлайсыз ба?

Е.Қажыбек: Иә, әліпбиді әлі де жетілдіру керек. Осы тұста Елбасының «Әліпби бірде-бір адамға ыңғайсыздық тудырмауы керек. Бұл мәселеде әрбір адамның пікірі қымбат» деген басты ұстанымы бар. Жаңа әліпби біртіндеп 2022 жылдан бастап енгізілуі мүмкін. Ал Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы аясында, әліпби жарияланғаннан кейін 2 жыл ғылыми-әдістемелік жағынан талқылануы керек деген болатын. Осы жерде «неге» деген сұрақ туындайды? Бұл тұрғыда барлығы дұрыс болса, бәрі шешілген болса, неге бірден іске асырмаймыз? Сондықтан әрбір жана нәрсе сараптаудан өтуі керек. Сараптаудың нәтижесінде тағы да әрі қарай дамуы керек. Сол себепті, біз көрші елдердің – Әзірбайжан, Түркімен және Өзбекстанның тәжірибесін

негізгі міндетімізге айналдырғанымыз абзал. Осыған байланысты дәрістер өткізіп, сараптау, сауалнама жүргізу жұмыстарын тоқтатпау керек. Ең икемді, ең тиімді жолын таңдау үшін осы үрдіс тоқтамауы керек. Біз осы бағытта ілгерілеп келе жатырмыз. Бір жылдың ішінде бірнеше нұсқа Парламентке ұсынылды. Былтырғы нұсқа Елбасының Жарлығымен бекітілді. Бұл ненің көрсеткіші? Яғни ғалымдар халықтың пікірін ескеріп жатыр дегенді білдіреді. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, әліпбилер үнемі өзгеріп отырады. Тіпті ағылшын әліпбиі де, орыс әліпбиі де осы заманның талабына сай үнемі толықтыру үстінде.

Jas qazaq: Латын әліпбиіне негізделген нұсқаға көшу арқылы қазақ тілінің табиғи қалпын сақтай аламыз ба?

Е.Қажыбек: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты латын қарпіне байланысты арнайы зерттеулер жүргізіп, монография шығарғаны белгілі. Институттың зерттеу жұмыстары бойынша нақты неше танба болуы тиіс? Мамандар үшін бұл басы ашық мәселе. Әр тілде қанша дыбыс бар, өріп саны одан аз болмаса, аспау керек. Бізде 28 дыбыс бар. Бұл – төл, таза қазақ тілінің дыбыстары. Аханның төтесінде де 28 өріп болды, 1928 жылғы латыншамызда да 28 өріп болды ғой. Өріп саны да, ереже-заңдылықтары да, айтылым мен жазылым стандарттары да – бәрі тек туған тілдің өз ерекшеліктеріне, төл табиғатына сүйене шығарылады. Осылайша, қазіргі таңда мамандар тарапынан тілдің табиғи қалпын сақтауына аса мән берілуде. Жоғарыда атап өткенімдей, әлі де жетілдіре түсетін тұстары көп. Сондықтан алдағы уақытта барлық кемшілік ескеріліп, түзетулер де толық енгізілетініне сенімдімін.

Jas qazaq: Бір сұхбатыңызда, «Мәселе өріп ауыстыруда емес» депсіз. Сонда әліпби ауыстырудың негізгі мәні неде?

Е.Қажыбек: Жұмыс тобының жетекшісі әрі кәсіби лингвист ретінде айтарым, біз тамыры терең тарихи шешім қабылдайтын ұлы өзгерістің алдында тұрмыз. Көпшілік қауым әліпби ауыстыруды өріп алмастыру деп жансақ түсініп жүр. Қайталап айтамын – бұл теріс пікір. Жаңа ұлттық әліпбиіміз – тағдыр сыйы, болашақтың бағдары, бұл – халық таңдауы. Тағы

да тілтанушы ретінде баса айтарым, Қазақстан халқы әртүрлі жағдайларға байланысты соңғы мыңжылдықта дербес әрі ерікті түрде дәл осындай маңызды шешімді алғаш рет қабылдады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің тарихи-бағдарламалық мақаласында ежелгі заманда ата-бабаларымыз көне түркі руна жазуын пайдаланғаны жөнінде атап өтті. Одан кейінгі араб жазуын біз өз еркімізбен таңдаған жоқпыз, тіпті кириллица жазуын менгеруіміз де салқын саясат ықпалымен халықтың қалауынсыз жүзеге асқанын сіз де,

біз де жақсы білеміз. Қазақстан таңдау жасауға асықпады. Соңғы ширек ғасыр ішінде жана ұлттық жазу мәселесін жүзеге асыруда кездесетін қиындықтар мен әр алуан қоғамдық пікірді білу үшін Елбасы бір емес, бірнеше рет арнайы тапсырма берді. Қазіргі уақытта «алдымен – экономика, содан соң саясат» бағдарламасы нәтижелі жүзеге асқаннан кейін, Нұрсұлтан Әбішұлы латын графикасына көшу туралы тарихи маңызы зор шешім қабылдады. Елбасы шешімі – Қазақстан халқының ортақ таңдауы екенін баса айта кету керек. Бұл – ұлттың рухани жаңғыруы мен ел дамуының орасан зор, ең маңызды, басты алғышарты. Сондай-ақ еліміздің мемлекеттік тілінің

қажеттілігі мен дамуы жолында қабылданған тәуелсіз таңдауы. Өркениетті елдердің қатарына ену үшін мемлекеттік тіл, қоғамдық өмірдің және мемлекеттің барлық саласында толыққанды қолданыста болуы керек. Бұл жерде техникалық мәселелер де бар. Ең басты мәселе – біздегі дыбыстардың санын анықтап алып, сол дыбыстарды таңбалау. Ол таңбалаудан кейін дыбыстарды пайдаланып, сөздерді

құрастырғанда да, тек қана сол қазақ тілінің төл заңына сәйкес сақтап жасауымыз керек. Біріншіден, әліпби ауыстыруда асығыстық жасамағанымыз жөн. Екіншіден, ғылыми тұрғыдағы бағытты өзгертпеген жөн. Біздің ең үлкен құндылығымыз – рухани құндылық. Ең басты рухани құндылықтың бөлшегі – тіліміз. Халықтың ұлттық қасиеттерінің барлығы тілмен бірге туады. Сондықтан қазіргі кездегі жанару бағыты тіл арқылы жүзеге асырылуда. Латын қарпі – интернет тілі, компьютер тілі, шетелдің тілін үйренуге де басты қадам жасауға болатын



Сұхбаттасқан
Макпал НОҒАЙБАЕВА



Дәулетхан Қыдырбайұлы: Ашық әңгімемізді өзгелердің ойландыра бастаған оқиғалардан бастайық. Кейбір әріптестерініз «Ғасыр ұстазы», «Алаш ұстазы», «Ұлт ұстазы» деп аталатын марапаттарды мақтанышпен алып жатыр. Осы төселгілерді таратып жүрген, оны еш қымсынбай алып жүрген кімдер? «Ғасыр ұстазы» болу үшін не істеу керек?

Аятжан Ахметжанұлы: Жалпы, ондай мәртебені тарих беру керек. Мысалы, Ахмет Байтұрсынұлына «Ұлт ұстазы» медалін ешкім берген жоқ, бірақ оны күллі Алаш «Ұлт ұстазы» деп атайды. Неге? Өйткені Ахан ұлттық деңгейдегі педагогиканың не екенін, қазақ тіл әдебиетінің оқытылу әдістемесінен бастап, бүкіл қазақ тіл зандылығын жасап берді. Ұлтқа «былай жазасың, былай сөйлейсің, былай сөз жасайсың» деп үйретіп кетті. Бұл — ұлттың ұстаздығы, оны тарих берді. Қазір сол

ДӨП пікірсайыс клубының бүгінгі тақырыбы – оқушылар арасындағы әлімжеттік, ұстаз беделі, тәрбие жайлы болмақ. Өйткені осы төңіректе дау-дамай өршіп тұр. Мұғалімдер атақты ақшаға сатып ала бастады. Шәкірттері шатаққұмар болып барады. Әсіресе ұлдардың ұстамсыздығы шектен шықты. Неге? Бұл қалыппен қайда барамыз? Осындай түйінді мәселелер төңірегінде журналист Дәулетхан Қыдырбайұлы қоғам бөлсендісі Аятжан Ахметжанұлымен ой бөлісті.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Яғни паракорлықты күшейтіп аламыз ба? **Аятжан Ахметжанұлы:** Иә, паракорлықты күшейтеміз. Қазір ауылдарда баяғыда мектеп бітіре салып, екі-үш жыл мектепте істеген, бес жыл әкім, жергілікті мәслихаттың депутаты болып, одан жолы болмағандар, басқа қызмет құрыған кезде, зейнетке шығуға 5-6 жыл қалғанда мектепте директор қызметін аткарып жатқан атқамінерлер көп. Тым құрыса, мектепке барып директор болады! Олар білім ордасына ХХІ ғасырдың, педагогтың көзімен қарай алмайды, қазіргі әдіс-тәсілмен оқып барған жас маманды түсінбейді! Сөйтіп, білім саласының қадірін қашырады. Сондықтан мектепке аутсайдер мұғалімдердің баруының алдын алу үшін мектеп әкімшілігіне жол ортадан қосылған директордан ада болуы керек.

ананың, мектептің, мұғалімдердің, қоғамның кінәсі ме? **Аятжан Ахметжанұлы:** Бұл толыққанды жүйелі нәрсе. Неге дейсіз ғой? Қазір қоғамда «еркек мінезі, ер мінезі, ер тұлғасы» деген толық жойылды. Өйткені отбасында еркек күнкөрістің қамымен кетеді, бала тәрбиесіне әйел жауапты. Одан кейін отбасынан шыққан бала мектепке барады. Ал еліміз бойынша бастауыш сыныптарда он екі-ақ ер мұғалім бар. Биыл көбейіп кетпесе, күллі Қазақстанда 12 ер мұғалім ғана! Яғни бастауыш сыныпта оқушыны әйелдер тәрбиелейді. Балабақшада — 100 пайыз әйелдер. Үйде, балабақшада, бастауыш сыныпта — әйел тәрбиесі. Орта мектепке шыққан кезде саусақпен санарлық ер мұғалімді көреді. Оның өзінде — қосымша пәндерден. Сонымен, ер мінезділік тәрбиеден қызың да, ұлын да ада болады. Содан ез де көп, бәлекор да көп. Қыздар түгілі, ұлдардың арасында көкбет көп. Бұл бір ұлттың сапасының толығымен жоғалуына әкеледі. Әкеден шеше басым. Отбасында әйелдің беделі биік. **Дәулетхан Қыдырбайұлы:** Ері ез дегініз келіп тұр ма? **Аятжан Ахметжанұлы:** Ерлеріміз ез болып барады. Неге? Отбасын асыраудан гөрі, ошақ басынан шыға алмайтын ер көбейген. Жалпыға топырақ шашпай-ақ қояйын. Енді мына ұрпақ жетілген кезде екі есе



атақты медаль етіп тағып жатқандар — алаяқ саудагерлер! Біріншіден, мектептегі ұстаздардың ойсыздығы, екіншіден, қалың қағаздан бас алмайтын мамандарға, олардың қағазына көмектесу ниетімен ұстаздық биіктікті аласартып жүрген алаяқ саудагердің тірлігі. Ал арсыз дүниені сатқан да — кінәлі, сатып алған да — кінәлі. Әркім «Ғасыр ұстазы» дегенді кеудеге тағатын кезде «Ахметтен биік болуға лайықпын ба?» деп әр мұғалім ойлануы керек. Ұстазда ұят болмаса, ұлтта ар болмайды. **Дәулетхан Қыдырбайұлы:** Ұстаз мәртебесі дегеніміз осы ғой...

Аятжан Ахметжанұлы: Ұстаздық мамандыққа жүргізілген емес, амалсыз, күнкөріс қамымен келетіндерді көбейтіп алдық. Өйткені ұстаздық жүрегімен келетіндерді мектепте ұстап қала алмадық. Мектептегі зорлық, әкімшілік жүйе, қағазбастылық, болмашы жалақы мамандардың мазасын қашырды. Салаға үздіктердің келуін мейлінше шектetti. Бұрын «балам, мұғалім бол» деген батаның мықтысы еді. Қазір бұл қарғыстың деңгейінде. Қоғам «Ұстаз мәртебесін көтеріміз десең, жалақысын көтер, сонда ұстаз көтеріледі» дейді. Жок! Ертең жалақыны 500 мың қылатын болса, ұстаздыққа жұмысқа тұру 600 мың тенге болады, басқа ештеңе өзгермейді!



Дәулетхан Қыдырбайұлы: Негізі, мектепте екі тұлға бар — ұстаз және оқушы. Оқушының құқығы қорғалады да... **Аятжан Ахметжанұлы:** Ұстаздың құқығы қорғалмайды. Қазір бала құқығы ең үлкен жұмыс істейтін заң да, содан кейін ата-ана мектептің айқайшысына айналады. «Ата-ана келе жатыр» дегенде, мектепке тексеру келе жатыр дегеннен әрмен қорқады.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Мұғалімдер оқушыларды сабап жатыр, оқушыларға қол көтеріп жатыр деген мәселелер бар. Ал енді әлеуметтік желіде бір топ «ұрғаннан бала өлмейді, баланды аясан — аяма» дейді. Екеуінің «алтын ортасы» қай жер? **Аятжан Ахметжанұлы:** Біріншіден, қазіргі баланың психикасы мен бұрынғы баланың психикасы ұқсамытындығын сәл ескеруіміз керек. Екіншіден, жалпы қол жұмсау — ақылдылық емес, ол — шарасыздық. Ал шарасыз деңгейде ұстаз болу — ұстаз беделінің төмен болуы.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Соңғы кездері оқушылар мұғалімнен қорықпайтын сияқты, қатыгез болып бара жатқандай. Әлімжеттік өршіді. Ол бұрын да болған, бір сыныпта екі бала шекіссе, әрі кетсе бір қойып қалып, жекпе-жекке шығып жататын. Қазір топтасып алып төбелесу белең алды. Қыз да, ұл да бірін-бірі аямайды. Қолынан түскен затпен ұрады. Бұл тәрбиенің қашқаны ма, әлде ата-

кері кете ме деп қорқамын. Өйткені жігіттеріміз қыз мінезді болып кеткен. Қатыгездік, біреуден өш алу, ішіндегі қыжылды шығару әдетке айнала бастады. Ұл балалардың жүйкесі сыр берген. Ананы шексіз құрметтеймін. Бірақ ана тәрбиесі бөлек, әке тәрбиесі бөлек. Сондықтан біз әке тәрбиесін ұлт ретінде қайта қолға алуымыз керек.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Біз өзімізді тек жамандауға ғана бар емеспіз бе? Жаксы жағымыз жоқ па сонда? **Аятжан Ахметжанұлы:** Жаксы жағымыз бар, біз жаксы едік. **Дәулетхан Қыдырбайұлы:** «Едік» деп еске алғанның өзі өте аянышты негізі... **Аятжан Ахметжанұлы:** Біз аянышты жағдайға кетіп бара жатырмыз. Неге? Біз бала тәрбиесінде көп нәрсені ұыстан шығарып алдық. Нені жіберіп алдық? Біз баланың үшінші жұрты — қоғам деген кезде, қоғамдағы интернет тәрбиесі, акпараттық тәрбиеде біз ұтылдық. Бала ең көп кіретін әлеуметтік желілердегі өзгелердің топтары баланың психикасын өзгертеді. Мысалы, әлеуметтік желілерде аса қатыгездікке тәрбиелейтін топтар бар. Олар емін-еркін жұмыс істеп жатыр. Суицидке апаратын топтар бар. Олар да жұмыс істеп тұр. Қаншама жыл сондай топтарды жабуды талап етіп келе жатырмыз. VK әлеуметтік желісін жабайық! Қазақстан бойынша 3-сыныптан бастап 98 пайыз оқушы соған тіркелген. Ол жерден баламыз қандай тәрбие алуда? Онда сауатты адам бар ма? Жок. Кілен бала-шаға отыр, оларға өзгелер беретіннің бәрін беріп жатыр.



Бұл нұсқаулықты Алматы облысының Жоркент қаласында тұратын оқырманымыз Ләйла Әлібаева жолдады.

БӨРЕКЕАДЫ: 21 жастағы Санжар Тайжан америкалық кәсіпкер әрі миллиардер Илон Маскқа тиесілі «SpaceX», «Hyperloop» мегажобаларды дамытуға лайықты үлес қоспақшы.



Қазақ баласы қайран қалдырды

2017 жылы Ұлыбританияның «Warwick» университетінің студенті атанған ол Илон Масктың «Hyperloop» жобасына арналған транспорттық капсула әзірлеу жарысына қатысуды армандапты. Транспорттық капсула — құбырлық желі жоғары жылдамдықпен қозғалуға мүмкіндік береді. *(Бұл үшін «SpaceX» 2015 жылы Калифорнияда арнайы полигон салып, «Hyperloop Pod Competition» жобасына студенттік команда жинау үшін турнир жарияланған).* Санжар өзі оқитын университеттен команда жасактайды. 200 өтініштен 60 адамды іріктеп алып, «Warwick Hyperloop Team» командасын құрады. Осылайша өткен жылдың ақпан айынан бастап капсула құрастыруға бел шеше кіріседі. Ақырында капсуланы құрастырып, 3D-нұсқасын дайындап біткен соң, оны сынақтан өткізу керек болады. Санжар Тайжан «Капсуламыздың жылдамдығы 11-12 секундта 500 шақырымға қозғалады. Бұл «Bugatti», «Tesla», тіпті «Boeing» ұшағынан да жылдам», — дейді. Санжар капсуланың виртуалды нұсқасын «Hyperloop Pod Competition» жобасына жібереді. Қараша айында ресми жауап хат келеді. Осылайша үздіктер қатарына енген. Бұл жоба Ұлыбританияның Үкіметтік құрылымының да қызығушылығын тудырыпты. Қазір қазақ баласының әлемдік деңгейдегі жобасы төрткүл дүниенің назарын аударды.

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі Тілшілер мен қызметкерлер: Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тіліші Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміші Айдос ҚУСАЙЫНҰЛЫ — web-sait	Аймақтағы меншікті тілшілер: Нұрлаулет ТАЛҒАТУЛЫ — Астана қаласы (8 775 501 33 38) Байкен КӨБЕЕВ— Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34) Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82) Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05) Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия bahmutba@online.no Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Мақпал НОҒАЙБАЕВА	Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат <i>(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)</i> Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі) Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2151; Бағасы келісім бойынша Апталық таралымы — 8 000 дана <i>Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.</i> Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген. 2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Ғ куәлігін алды. Мақала авторының пікірі редакция қозқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сіттемесіз көшіріп басуға болмайды.
---	--	---	--